

КОНФЕССИЯАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ
Н.НАЗАРБАЕВ ОРТАЛЫҒЫ

ДИНИ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ САРАПТАМАСЫ ИНСТИТУТЫ

**ДІН САЛАСЫНДА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ЖҮРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ**

Нұр-Сұлтан
2021 ж.

Әдістемелік құрал Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің тапсырысымен дайындалған

Рецензенттер:

Садвокасова А.К. – Әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚР АҚДМ қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары.

Ракишева Б.И. – Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, “Қоғамдық пікір” зерттеу институтының жоба директоры

Авторлық ұжым: Байбол Е.Қ., Камарова Р.И., Малгараева З.Б., Кикимбаев М.Ж., Орынтай А.О., Темирбаева А.А., Укенов А.С., Жакиянов Д.Ж.

Әдістемелік құралды дайындауға қатысқан эксперттер:

Илеуова Г.Т. – Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Стратегия» әлеуметтік-саяси зерттеулер орталығы» қоғамдық қорының президенті

Родионов А.Н. – PhD (әлеуметтану), Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті әлеуметтану кафедрасының доценті

Аппельганц Е.П. – Әлеуметтану магистрі, «Рухани Жаңғыру» Қазақстан қоғамдық даму институты» КЕАҚ талдаушы-менеджері

Дін саласында әлеуметтанулық зерттеулер жүргізуге арналған әдістемелік құрал / Діни ахуалды талдау және діни сараптама институты – Нұр-Сұлтан: «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы», 2021. – 60 б.

Осы әдістемелік құрал мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы зерттеулердің сапасын арттыру мақсатында әзірленген және өңірлердегі қазіргі діни ахуалды бағалау және талдау жұмыстарымен айналысатын жергілікті атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен басқа да ұйымдардың тәжірибелік қолданысына арналған.

Әдістемелік құралда зерттеу жұмысының барлық кезеңдері жайлы жалпы мәлімет, сонымен қатар Қазақстан өңірлерінің ерекшеліктерін ескере отырып әр түрлі әдістердің сипаты мен тәжірибелік ұсыныстары туралы ақпараттар берілген. Құралдың авторлары сандық және сапалық әдістерге негізделген зерттеулерді жүргізуге арналған құралдар жинағын ұсынады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	5
1 бөлім. АДАМ МЕН ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ДІН САЛАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ..7	7
1.1 Дін саласында зерттеу жүргізудің негізгі қағидалары мен этикалық аспектілері.....	7
1.1.1 Дін саласындағы зерттеулердің қағидалары	7
1.1.2 Дін саласындағы зерттеу жүргізудің этикалық аспектілері.....	9
1.1.3 Дін саласындағы әлеуметтанулық зерттеулерге тақырып таңдау.....	10
1.2 Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасын құру	12
2-ші бөлім. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ	16
2.1 Зерттеулердің сандық әдістері.....	16
2.1.1 Жаппай сауалнама жүргізу	16
2.2 Зерттеудің сапалық әдістері	19
2.2.1 Сұхбаттың әр түрлі тәсілдері	19
2.2.2 Фокус-топ.....	20
2.2.3 Бақылау.....	23
3 бөлім. ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕЛІК ҰСЫНЫСТАР	25
3.1 Қазақстан өңірлерінде жаппай сауалнама жүргізу кезінде іріктеуді есептеу бойынша ұсыныстар.....	25
3.2 Аймақтарда сапалық зерттеу әдістерін қолдану бойынша тәжірибелік ұсыныстар	32
3.3 Аймақтарда жастар арасында фокус-топтық зерттеулер жүргізуге тәжірибелік ұсыныстар	34
3.3.1 Қазақстан аймақтарында жас ерекшелікке байланысты фокус-топтық зерттеулердің гайд үлгілері	35
3.4 Әртүрлі сұхбат түрлеріне ұсынылатын гайдтар	39
3.4.1 Сараптамалық сұхбат: практикалық ұсыныстар және гайд	39
3.4.2 Нарративті сұхбат: практикалық ұсыныстар мен гайд.....	41
4 бөлім. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ӨНІРЛЕРІНДЕ ДІН САЛАСЫН ЗЕРТТЕУ БОЙЫНША ОРТАҚ ҚҰРАЛНАМА МЕН БАҒДАРЛАМА	45
4.1 Қазақстан өңірлерінде дін саласын зерттеу бойынша әлеуметтанулық зерттеу жүргізу бағдарламасы	45
4.2 Жаппай сауалнама жүргізуге арналған анкета	47
ҚОРЫТЫНДЫ	56
ГЛОССАРИЙ	57
ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	59

КІРІСПЕ

Бұл әдістемелік құралды жазуға шабыттандырған негізгі идея ол мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласында саясат жүргізіп отырған жергілікті атқарушы органдардың аймақтық құрылымдарына көмек көрсету болып табылады. Салалық Заңға сәйкес, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреттілігіне “аймақтағы діни ахуалдың талдауымен зерттеуі” және “облыста жұмыс істейтін діни бірлестіктер, миссионерлер, рухани (діни) білім беру ұйымдарының қызметін зерделеу және талдау” жатады (бет. 5, п. 1, п.п. 1-1).¹

2017-2020 жж. аймақтарда өткізілген әлеуметтанулық зерттеулерді талдау барысында зерттеулік жұмыстардың көпжасақтылық проблемалық аспектілері айқындалды: мысалы, тақырып, өткізілу мерзімдері, әдістерімен өткізу тәсілдері.

Зерттеудің тақырыптарына келетін болсақ, алдын алу шараларының тиімділігін арттыру арқылы тұрғындардың діни радикалдануын зерттеу тақырыбы басымдық танытуда. Аймақтарда зерттеулер жүргізу мерзімдері мен жиіліктері бойынша айырмашылықтар орасан зор, жылына өткізілген зерттеулер саны бойынша аймақтарда 1 ден 11-ге дейін алшақтық бар. Аймақтардағы зерттеулер жүргізуде қолданылатын негізгі формат бұл - жаппай сауалнама өткізу болып табылады. Респонденттердің жиынтығы бойынша да аймақтарда алшақтық бар, аймаққа байланысты өзгеріп отырады, шамамен 500 ден 2100 адамға дейін.

Осылайша, жасалынған талдау қорытындысы бойынша, еліміздің аймақтарында дін саласында әлеуметтік зерттеулер жүргізу үшін ортақ әдіс тәсіл жасалу қажеттілігі туындап отыр.

Осы әдістемелік құралды әзірлеудің мақсаты Қазақстан аймақтарындағы діни ахуалды зерттеу үшін жасалынатын ортақ тәсілдер мен бірыңғай құралдар жинағына негізделе отырып ғылыми зерттеудің сапасын жақсарту және жетілдіру. Мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- дін саласында ғылыми зерттеу жүргізудің этикалық нормалары мен қағидаттарын, тақырып таңдау және зерттеудің, ерекшеліктерін қарастыру;
- Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасын әзірлеуде негізгі талаптарды ұсыну;
- Дін саласында әлеуметтік зерттеу жүргізу барысында сандық және сапалық әдістердің қолданылуына бағыт бағдар және негізгі сипат беру;
- Қазақстанның өңірлерінде сандық және сапалық әдістер негізінде зерттеулер жүргізу бойынша тәжірибелік ұсыныстар әзірлеу;
- Қазақстан аймақтарында дін саласында ғылыми зерттеулер жасауға арналған ортақ құралдар ұсыну.

Жергілікті халық арасындағы зерттеу жұмыстарының мұқият ойластырылуы, жақсы әзірленуі және ұйымдастырылуы қажет, себебі бұл адам өмірінің өте сезімтал бір бөлігіне қатысты. Дін саласындағы ғылыми зерттеу дегеніміз, бұл - зерттеліп жатқан құбылыстар мен үдерістер жайлы расталған ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында өзара байланыстырылған әдіснамалық, әдістемелік және ұйымдастырушылық-техникалық үрдіс.

Әдістемелік нұсқаулықта әр түрлі зерттеу әдістерін қолдану кезінде байланыс нүктелерін табу мақсатында аймақтардағы зерттеулерге тұрақты және ауыспалы сипаттағы бірыңғай тәсілдерді әзірлеу қажеттілігіне ерекше назар аударады. Сонымен, жаппай сауалнама жүргізуге арналған бірыңғай құралдармен әлеуметтанулық зерттеулер жүргізудің әзірленген бағдарламасы, сондай-ақ әртүрлі сапалық әдістерді жүргізу бойынша ұсыныстары бар гайдтар ұсынылады. Бір жағынан бұл аймақтарда зерттелетін пәнді ұзақ мерзімді негізде бақылауға мүмкіндік береді. Екінші жағынан зерттеудің әр түрлі әдіс тәсілдерін қолдану белгілі бір құбылыстарды, оқиғаларды, қатынастарды, өзара тәуелділікті және т.б. түсіну және түсіндіру үшін қоғам өміріндегі діни фактормен тікелей байланысты әлеуметтік үдерістердің мәнісіне терең енуге мүмкіндік туғызады.

¹«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31067690#pos=3;-106.

Осы әдістемелік құралды дайындауға және жергілікті атқарушы органдардың өкілдеріне арналған оқыту семинарларын өткізуге атсалысқан мамандарға алғыс білдіреміз: әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Стратегия» Әлеуметтік және әлеуметтік мәселелер орталығы» қоғамдық қорының президенті, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі - Илеуова Гүлмира Тоқшалықызына, Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің PhD (әлеуметтану), әлеуметтану кафедрасының доценті - Родионов Әділ Николаевичке, әлеуметтану магистрі, «Рухани Жаңғыру» Қазақстанның қоғамдық даму институты» КЕАҚ талдаушы-менеджері, әлеуметтану магистрі.- Алена Петровна Апелганцқа.

Сондай-ақ, біздің рецензенттеріміздің ұсыныстарына алғысымызды білдіреміз: Садвокасова Айгүл Кәкімбекқызы – әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚР ІІМ Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты директорының орынбасары және Ракишева Ботагөз Ислямқызы – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, «Қоғамдық пікір» Зерттеу институтының (www.opinions.kz) жобаларының ғылыми кеңесшісі/директоры, Қазақстандағы «Әлемдік құндылықтар сауалнамасы-7» жобасының жетекшісі, Қазақстандағы WAPOR ұлттық өкілі.

1 бөлім. АДАМ МЕН ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ДІН САЛАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1.1 Дін саласында зерттеу жүргізудің негізгі қағидалары мен этикалық аспектілері

1.1.1 Дін саласындағы зерттеулердің қағидалары



Күрделі әлеуметтік жүйені, соның ішінде дін саласын зерттеу үшін, жекелеген әлеуметтанулық әдістерді де, әртүрлі сапалық және сандық әдістерді біріктіруге негізделген кешенді тәсілді де пайдалануға негізделуі мүмкін. Сонымен бірге зерттеу жүргізу әдістерінің таңдалуы, оған дейін болатын дайындық кезеңіне тікелей байланысты, яғни, зерттеудің мақсатын, міндеттерін, тұжырымдамаларын (талдау категориялары), гипотезаларын, нысаны мен пәнін, сонымен қатар зерттеу әдістемесі мен техникасын нақты анықтап алу қажет. Өз кезегінде зерттеудің әдістемесі мен техникасы іріктелу жиынтығын (сандық зерттеу үшін), респонденттерді таңдау қағидаларын (сапалық зерттеу үшін), зерттеу құралдарын (анкета, гайд) және басқада ұйымдастырушылық құжаттарын қамтиды. Егер бағдарламаны әзірлеуге байланысты барлық алғышарттар орындалса, онда әлеуметтанулық зерттеулердің нәтижелері ауқымды және де тереңдетілген ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Қоғамдық жүйенің әлеуметтік өлшем шеңберіндегі маңызды аспект бұл - зерттеулер белгілі бір жағдайдың өзгеру динамикасын немесе үрдістің, құбылыстың белгілі бір жағдайын мониторингілеу механизмі ретінде пайдаланылуы мүмкін. Осыған байланысты белгілі бір зерттеу объектісінің жай-күйінің негізгі көрсеткіштерін бағалайтын (бүкіл халық немесе жекелеген мақсатты топтар) мониторлық зерттеулер (мысалы белгілі бір уақытта; жылына бір рет; бір мақсатты топтың өкілдерімен) енгізіледі.

Әлеуметтік нысандарды зерттеу кезінде бір әдісті немесе әдістер жиынтығын қолдану және осы зерттеулер мониторингтік зерттеу бола ма, жоқ па, әрбір әдістің өзіндік ерекшеліктеріне, зерттеу мақсаттары мен шектеулеріне байланысты. Осылайша, сандық әдістер (сауалнама/құрылымдық немесе стандартталған сұхбат) зерттелетін мәселенің тікелей әсер ететін немесе әсер етуі мүмкіндігі бар адамдардан тікелей сұрауға/сұхбат алуға негізделген. Бірақ ескере кететін жәйт, сандық әдісті қолданудың ізіндік шектеуі бар – ол барлық құбылыстар бірдей өлшенбейді және барлық нысандарды үздіксіз сандық өлшемдер (жаппай сауалнамалар) арқылы сипаттауға болмайды.

Бұл дегеніміз, барлық әлеуметтік құбылыстар зерттеу нысандары бола алады, бірақ соған қарамастан, өлшемдері әртүрлі болуы мүмкін, яғни ол көлемі жағынан маңызды немесе шағын болуы мүмкін. Бірінші типтегі кең көлемді нысанның мысалы ретінде демографиялық үрдістер (халықтың табиғи қозғалысы, миграциялық мінез-құлық және т.б.) жатады, ал шағын көлемдегі нысанның мысалы ретінде - ерекшеліктері (өз ережелері, заңдары, әдет-ғұрыптары) бар әртүрлі жабық қауымдастықтардың (топтар, рулар, үлкен отбасылар және т.б.) жұмысын жатқызуға болады.

Зерттеу мақсаты адамдардың не ойлап, не сезінетіндерін талдау жасау болса сапалық зерттеу (стандартты емес сұхбаттар, фокус-топтар) әдісі қолданылады. Сапалық зерттеу, мәселені сүңгілеуге арналған зерттеуге қызмет етеді және мақсатты аудиторияның әртүрлі позициялар мен мінез-құлық үлгілері туралы, және оның астарында не жатқаны туралы («неге?» деген сұраққа жауап беру) түсінік алуға көмектеседі².

Сапалық зерттеудің негізгі мәселелері оның дұрыс қолданылмауы және субъективтілігі болып табылады. Басқаша сөзбен айтқанда, сапалық зерттеу әдісін қолданатын кезде, «бағасы төмен» факторына негіздей отырып сандық әдістерді қолдану. Немесе сапалық зерттеу әдісімен алынған мәліметтерді сандық зерттеу қағидаты бойынша талдау жүргізу, яғни тұжырымдар тым асығыстықпен, гипотеза дамытпай, мәселеге терең үңілмей жасалады. Одан да сорақысы, сапалы ақпараттың квантификацияға ұшырауы, яғни, сандық сипат алып статистикалық ақпарат ретінде есептелуінде.

² "Мұқтаждарға бағалау жүргізу". Басшылық, М., 2003 ж.

Тағы бір маңызды мәселе зерттеу процесіне әдейі немесе байқаусызда субъективті элементті енгізу болып табылады. Талдау зерттеушінің интерпретациясына және пайымдауына өте тәуелді болғандықтан, көбінесе қорытындыны қалыптастыратын пікір болып табылады. Ал сапалық зерттеулерде ешқандай сандық деректер жиналмайтындықтан, талдаудың дұрыс жүргізілгенін тексеру өте қиын.

Төмендегі кестеде осы категориялардың әрқайсысының негізгі сипаттамаларының, зерттеу әдістемелерінің және деректердің бөлінуі берілген.

Кесте №1

	САНДЫҚ	САПАЛЫҚ
Мақсат	Мақсаты – бақылауға түскен құбылысты түсіндіруге тырысу үшін барлығын есептеу және сандық түрде анықтау.	Мақсат – бақылауға түсетін құбылыстардың толық және егжей-тегжейлі сипаттамасы
Міндеті	Жалпылау, болжау, себеп-салдарлық түсіндіру	Контекстуаландыру, түсіндіру, болашақты түсіну
Құралдары	Зерттеуші деректерді жинау үшін сауалнамалар сияқты құралдарды пайдаланады, содан кейін олар сандық түрде өңделеді	Зерттеуші - бағдарланған жол сілтеуші гайды бар деректерді жинауға арналған құрал
Ақпарат жинау	Құрылымды	Құрылымсыз
Нәтижелер	Мәліметтер сандық және статистика түрінде берілген	Мәліметтер сөздер, суреттер, фотосуреттер немесе нысандар түрінде беріледі
Іріктелген жиынтық	Әдетте халықтың қызығушылығын тудыратын тобын көптеген жағдайлар бар. Кездейсоқ таңдалған респонденттер	Әдетте, көпшілікке беймәлім жағдайлар. Респонденттерді олардың тәжірибесіне (мамандануына) қарай таңдайды
Объективті/ Субъективті	Объективті – дәл өлшеу мен талдауға ұмтылады	Субъективті – оқиғаларды жеке түсіндіру маңызды
Зерттеушінің рөлі	Зерттеуші объективті түрде зерттеу нысанынан алшақ, бөлек болуға ұмтылады.	Зерттеуші зерттеу пәніне субъективті түрде енуге бейім.
Талдау	Статистикалық	Түсіндірмелік

Осылайша, әлеуметтанулық зерттеулер өз мүддесі үшін жасалмауы керек. Жасалынған зерттеу қорытындысы бойынша оның талдауы үшін проблемалық алаң мен құралдардың дұрыс таңдалуы, қойылған мақсат пен мақсаттық топтың сәйкестігі, алынған нәтиженің салыстырмалылығы (мониторингтік зерттеуде) және т.б. туралы шешім қабылдануы тиіс.

Сондай-ақ адам өмірі мен қоғамдағы дін саласындағы зерттеулердің негізгі қағидаларына тоқталу қажет.

✓ Діндерді «конфессиялық» көзқараспен зерттей болмайды. Зерттеуші үшінші тарап, бақылаушы сияқты әрекет етуі керек. Зерттеуші тарапынан кез келген эмоционалдық, конфессиялық, идеологиялық, саяси немесе басқа да міндеттеме оң нәтиже бермейді, керісінше, дұрыс емес бағытқа жетелейді. Бұл жағдай объективтілікке және тақырыпты зерттеуді жүргізу кезінде ғана емес, сонымен қатар тиісті деректерді жазу және түсіндіру кезінде де кедергі жасайды. Бұл әсіресе дін мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты, оның рөлін немесе қоғамдағы әлеуетті рөлін және т.б. зерттегенде дұрыс.

✓ Дінді зерттеп, зерделеу өз алдына бір мақсат. Басқа мақсаттарға жетудің құралы бола алмайды. Басқа мақсаттарға қызмет ету осы мақсаттарға жету үшін зерттеу нәтижелерінің әдейі бұрмалануына әкеледі. Бұл кез келген әлеуметтік құбылысты зерттеуге, әсіресе әлеуметтік мәселелерді зерттеуге қатысты. Бұл жерде ғылымды діни топтар мен институттардың, сондай-ақ саяси формациялар мен топтардың идеологиясына немесе идеологиялық

мақсаттарына қызмет етуді қамтитын басқа мақсаттарды ілгерілету құралы ретінде пайдаланған кезде адам ғылым саласынан толығымен алшақтататынын атап өткен жөн.

➤ Діндерді зерттейтіндер өздерінің зерттеулері не нәрсеге қызмет ететінін таңдауға міндетті: адамның бостандығы немесе институционалдық органдардың ұмтылыстары, олар діни, саяси немесе басқа да болуы мүмкін. Бұл дилемма өте маңызды, өйткені ол зерттеудің жүргізілу жолын және деректерді ұсыну тәсілін анықтайды. Жеке адамдар мен мекемелер арасында таңдау жасау міндетті түрде институттардың қажетсіз екенін білдірмейді. Қарапайым тілмен айтқанда, институттар адамдарды және олардың діни мекемелер басшыларының немесе мекеменің өз мақсаттары мен амбицияларына қызмет ету бостандығын бағындырмай, адамның қажеттіліктеріне қызмет етуі және бейімделуі керек³.

➤ Діннің белгілі бір орын мен уақытқа қатысты зерттеу нәтижелерін жалпылау мүмкін емес. Бұл жеке тақырыптық зерттеуді тұтас бір құбылысты сипаттайтын құрал ретінде қолдануға болмайтынын білдіреді; сондай-ақ белгілі бір жағдайда қолданылатын тәсілді барлық басқа жағдайларда да синхронды, диахронды немесе локалды түрде қолдану мүмкін деп айтуға болмайды.

➤ Дін – елемеуге немесе асыра бағалауға болмайтын әлеуметтік және мәдени фактор. Дін өмірдің көптеген аспектілеріне әсер етпеуде мүмкін; олар экономиканы, қоғамдық қатынастарды және т.б. қалыптастыруда маңызды рөл атқармауы мүмкін. Соған қарамастан, дінді зерттейтіндердің көпшілігі барлығын діни деп сипаттауға бейім және олар қоғамды толғандыратын әртүрлі мәселелерді діндер призмасы арқылы, діннің оларға қандай да бір әсері бар-жоғына қарамастан қарай алады деп ойлайды.

➤ Діни институционалды ұйымдардың білдірген көзқарастарын деректер ретінде қарастыруға болады. Бұл жағдайда зерттеудің мақсаты тенденцияларды тіркеу және оларды нақты түсіне білу. Дегенмен, зерттеу тек стереотиптерді жаңғыртумен шектелмейді. Олардың қайдан келгенін және қандай мақсатта қызмет ететінін зерттеу өте маңызды.

Діндерді зерттеу саласындағы белгіленген қағидаларды сақтау этикалық нормалар мен ережелерді бұлжытпай орындаумен қатар жүруі тиіс.

1.1.2 Дін саласындағы зерттеу жүргізудің этикалық аспектілері



Этика тиімді және маңызды зерттеулердің негізіне айналды. Әрбір зерттеуші зерттеуге қатысушылардың қауіпсіздігіне жауапты. Мысалы, американдық әлеуметтану қауымдастығының өкілдері зерттеуге қатысатындардың ең бастысы адам екендігін атап өтеді. Бұл зерттеу нысаны болуға келіскен респонденттерге де және зерттеулерді жүзеге асыратын интервьюерлермен басқа да қызмет көрсетушілерге де қатысты. Әлеуметтанушылар жалпы зерттеу барысында кең ауқымда туындайтын сұрақтардың, сондай-ақ кез келген нақты жобаға қатысты зерттеу пәнімен қолданылатын әдістер туралы ойлануы керек. Этикалық мәселелерді шешу жоспарлау барысында басталуы керек және жоба аяқталғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң өтсе де зерттеу нәтижелері мен коммуникациялық жоспарларды жариялаумен бірге жүруі керек. Жауапты зерттеу респонденттің ақпараттандырылған келісімін талап етеді, зерттеуге қатысушылардың құпиялылығын қамтамасыз етеді және таныстық үшін басқаларға қолжетімді болады⁴.

Барлық зерттеу жобаларын тиімді бақылауға мемлекет те, қоғам да қауқарсыз екенін түсіну керек. Дегенмен, олар ғылыми-зерттеу қызметімен айналысатындарға сенеді. Ішінара бұл сенім зерттеу этикасымен байланысты.

Зерттеу этикасын екі жақты әрекет ретінде түсінуге болады: біріншіден, әдетте философия немесе теология бөлімінде кездесетін (яғни этика саласындағы негізгі зерттеулердің бөлігі ретінде) академиялық пәннің этикасының бір бөлігі ретінде, екіншіден,

³ Hosen, R. Mohr, Law and Religion in Public Life. The Contemporary Debate. London: Routledge, 2011

⁴ Penslar, R. L. (1995). Research ethics: Cases and materials. Bloomington: Indiana University Press.

этикалық мәселелермен байланысы жоқ (мысалы, қолданбалы этика сияқты), зерттеу үрдістерінде қолданылатын этика ретінде.

“Зерттеу этикасы” деген термин этиканың ерекше түрін меңзейді. Зерттеу этикасы қолданбалы этика саласына жатады. Дінтанушының/теологтың да, биологтың да бір қарағанда байқалмайтын көптеген ортақ тұстары бар – олардың барлығы қызметтің академиялық саласында, әдістер мен теориялық негіздерді басшылыққа ала отырып жұмыс жасайды, олардың жұмысының нәтижелері интерсубъективті түсінікті. Олар ғылыми идеяны ұстанып, ашық және бейтарап білім алу үшін зерттеу қызметімен айналысады. Олар зерттеу сұрақтарын таңдауда еркін және өз шешімдеріне есеп беруге міндетті емес. Олар өздері қалаған нысандар мен зерттеу әдістерін таңдай алады, бірақ олар қабылдаған шешімдерге байланысты моральдық мәселелермен кездесуге тура келеді.

Зерттеуге қатысушыларды және оларды қоршаған ортасын зерттеудің зиянды салдарынан сақтап, қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, келтіретін зиянын барынша азайту қажет. Тиісінше, жазбалар мен деректердің құпиялылығы сақталуы керек. Нәтижелер жарияланған кезде қатысушыларды анықтау және айқындау мүмкін болмайтындай етіп қадағалау керек.

Зерттеушінің міндеті - зерттеу процесінде тиісті шекараларды сақтау және ақпарат берушілерінің көзқарастарын шынайы көрсету. Зерттеудің этикалық нормаларын әртүрлі қауымдастықтар кеңінен ұсынады, олардың бірі www.esomar.org сайтында ұсынылған маркетингтік және әлеуметтік зерттеулер жүргізу, қоғамдық пікірді зерттеу және деректерді талдау практикасы бойынша ICC / ESOMAR Халықаралық кодексі болып табылады.

1.1.3 Дін саласындағы әлеуметтанулық зерттеулерге тақырып таңдау



Дұрыс таңдалынған тақырып - зерттеу негізінің мықты болуын қамтамасыз етеді. Көптеген ғалымдардың, әлеуметтанулық зерттеуде тақырып таңдағанда, толғандыратын басты мәселе бұл зерттеу барысында қажетті ақпарат табу. Алайда тәжірибеден байқағанымыздай, ең маңыздысы - уақыттық, аймақтық және басқа да өлшемдерге сай келетін өзекті тақырып таңдау.

Таңдау барысында, тақырыптың дінмен байланысты тақырып таңдау өте маңызды және ақпаратқа қолжетімділік жеткілікті болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Сонымен қатар, зерттеу белгісі бір аймақтағы, еліңіздегі өзекті тақырыпқа арналуы керек. Зерттеу тақырыбының әлеуетті аудиториясының болуы, яғни тақырыптың сұранысқа ие болуы маңызды.

Ғылыми зерттеу тақырыбын таңдаған кезде екі факторды ұмытпаған жөн: орындалуы және өзектілігі. Жұмыстың **орындалуы** зерттеушінің, орындаушының дағдыларына және зерттеушінің және/немесе орындаушының ұйымында қолжетімді технологияға байланысты. Бірақ та зерттелетін мәселенің өзектілігін анықтау өте маңызды сәт. Қоғамның, ұйымның және мемлекеттің мүддесіне сай келетін зерттеу тақырыбын таңдау қажет. Жеңіл әлі өте өзекті емес тақырып таңдаудан аулақ болу керек, сондай ақ өзекті, бірақ орындалуы өте қиын тақырыпты да таңдамаған жөн. Ең дұрысы әрі өзекті әрі орындалатын зерттеу тақырыптарын таңдаған жөн..

Зерттеу тақырыбын қалай таңдау керек?

Сіздің келесі әрекеттерді орындауыңыз қажет:

Біріншіден - **әріптестеріңізбен жиналуларыңыз керек.**

Екіншіден - дінге қатысты осы таңдағы әлеуметтік мәселелер жайында ойлану керек.

Үшіншіден - **ми шабуылын жасау керек.**

Төртіншіден - **айтылған ой пікірлерді жазып алуыңыз** маңызды.

Бесіншіден - ми шабуылы кезінде талқыланған тақырыптарды **қайтадан шолып шығуыңыз** қажет.

Алтыншыдан - тақырыпқа қатысты ақпараттың жеткілігі екендігін және тақырыптың өзекті екендігіне көз жеткізу үшін **кішігірім зерттеу** немесе **пре-тест** өткізіп көруіңізге болады.

Жетіншіден - тақырыбыңызды нақтылау үшін **тезис жазыңыз.**

Бар ресурсты ескере отырып, нақты мақсат пен нәтижеге жетуді көздеп, тақырыпты SMART технологиясын қолдана отырып таңдауға және оны өте кең ауқымды қолдануға болады. Аббревиатурадағы әрбір әріп ескерілуі тиіс белгілі бір критерийді білдіреді.

Specific – нақтылық. Тақырып қойылған сұрақтарға жауап беруге, қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған және нақты болуы тиіс.

Measurable – өлшемділік. Зерттеу барысында зерттеудің объектісі мен пәні өлшенетін болу үшін тақырып осы критерийге сәйкес болу керек.

Achievable – қолжетімділік. Тақырып шынайылыққа жақын болу керек. Жұмыс тәжірибесі, ақпаратқа қолжетімділік, уақыт шектеулері т.б. ресурстар мен шектеулерді ескеру қажет.

Relevant – релеванттылық (сәйкестік). Зайырлылық принциптеріне сәйкес, мемлекеттің конфессиялық саясатының дамуына қандай үлес қосады, таңдалған тақырып қаншалықты маңызды екендігін түсіну қажет.

Time framed/bound – уақыт шектеуі/маңыздылығы. Тақырыпты белгілі бір уақыт ішінде танып білуге болатындығына сенімді болу үшін бұл критерий өте қажет. Тағы бір маңыздылығы, зерттеу процесін бақыланатындай ету, яғни уақыт шектеуі мен мақсатқа жету уақыты сәйкес бола алуы маңызды.

Әлеуметтанулық зерттеулерге арналған тақырыптарды әзірлеу кезінде осы саладағы бар ұсыныстарға назар аударған жөн. Осылайша, «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық және әлеуметтік зерттеулерді іріктеу және шетелдік ұйымдармен бірлескен зерттеулер жүргізу, сондай-ақ талдамалық және әлеуметтік зерттеулердің шығындар құрылымын анықтау әдістемесін» ескеру қажет.⁵

Аталған Әдістеменің талаптарына сәйкес мемлекеттік органдардың тікелей функцияларымен қатысты тақырыптарды қайталауға жол берілмейді. Сондай-ақ басқа өңірлердің, басқа да мемлекеттік ұйымдардың зерттеулерімен тақырыптарды қайталау проблемалары туындайды.

Әлеуметтік зерттеулер тақырыптарының қайталану проблемасын болдырмас үшін жергілікті атқарушы органдар оларды бекіту кезінде жоғары тұрған органдармен өзара іс-қимыл жасаап, келісулері қажет. Сонымен, келесі рәсімді орындау ұсынылады:

- жергілікті атқарушы органдар әрбір күнтізбелік жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей уәкілетті органға (ҚР АҚДМ дін істері комитеті) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын дін саласындағы жоспарланған әлеуметтік зерттеулер тақырыбын келісуге жібереді. Әр тақырыпқа түсіндірме жазба – негіздеме қоса беріледі.

- уәкілетті орган мәлімделген тақырыптарды: (а) уақтылы және өзекті, дін және мемлекеттік-конфессиялық қатынастар саласындағы неғұрлым маңызды мәселелерді шешуге бағытталуын; (б) зерттеу тақырыптарының, мақсаттары мен міндеттерінің мемлекеттік органдардың функцияларымен қайталануын болдырмау тұрғысынан қарайды.

- әлеуметтік зерттеулер тақырыптарын түпкілікті келісуді уәкілетті орган әрбір күнтізбелік жылдың 20 наурызынан кешіктірмей береді.

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 461 Бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен жергілікті атқарушы органдарының, олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тапсырысы бойынша жүргізілетін, республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын талдамалық, консалтингтік, әлеуметтік және өзге де зерттеулердің, оның ішінде халықаралық ұйымдармен бірлескен зерттеулердің бірыңғай дерекқорын жүргізу Ережелеріне» сәйкес, зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы ӘДМ-нің "Заңнама және құқықтық ақпарат институты" дерекқорына ұсынылады.

⁵ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 13 маусымдағы № 214, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 18 маусымдағы № 605 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 307 бірлескен бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017195#z17>

1.2 Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасын құру

Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасы - әлеуметтанулық нысанды зерттеудің әдіснамалық, әдістемелік және рәсіми негіздерін қамтитын маңызды әлеуметтанулық құжаттардың бірі болып табылады. Бағдарламаны құру барысында зерттеу нысанын таңдау мәселелері шешіледі, мәліметтерді жинау, өңдеу және талдаудың нақты әдістері әзірленеді. Зерттеу бағдарламасы зерттеу қандай нақты мәселеге бағытталған деген сұраққа нақты жауап беруі және келесі рәсімдерді жүзеге асыруға бағытталған болуы керек:

▪ **Әдіснамалық:**


- а) мәселені талдау және тақырып таңдау;*
- б) зерттеудің мақсаты мен міндеттерін тұжырымдау;*
- в) зерттеу объектісі мен пәнін анықтау;*
- г) негізгі ұғымдарды түсіндіру (гlossарий);*

▪ **Әдістемелік:**

- а) зерттеу құралдарын жасау және қайта шығару;*
- б) таңдалған әдіске байланысты іріктеме топтамасының немесе мақсатты аудиторияның мөлшерін анықтау;*
- в) зерттеу кестесін әзірлеу және бекіту;*

Бағдарламада әлеуметтанулық зерттеудің белгілі бір реттілігі, кезеңділігі көрсетіледі. Ең дұрысы, бағдарлама келесі бөлімдерден тұруы қажет: проблеманың қойылуы (зерттеу үшін таңдалған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығын негіздеу), зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, негізгі ұғымдарды түсіндіру (гlossарий), зерттеу әдістері, зерттеу жоспары.

Егер бағдарламаны әзірлеуге байланысты барлық алғышарттар орындалса, онда социологиялық зерттеулердің нәтижелері зерттелетін мәселе бойынша ең көлемді және сонымен бірге терең ақпарат алуға мүмкіндік береді.



Сызба №1. Әлеуметтанулық зерттеудің әдіснамасы

Әлеуметтік мәселені қою

Кез келген зерттеудің, оның ішінде әлеуметтанулық зерттеулердің бастапқы нүктесі нақты өмірде туындап отырған проблемалық жағдай немесе әлеуметтанулық зерттеу тақырыбы болып табылады.

Мәселені анықтау алдында проблемалық жағдайды диагностикалау, оның көлемінің, біліктілігін, ауырлығын, сондай-ақ осы мәселенің астарында жатқан тенденция түрін анықтау қажет. Нақты мәселелердің мәнін анықтау үшін оларды зерттеу үшін әлеуметтік мәселелерді жіктеудің әдістемелік маңызы зор (2 кесте).

Көлемі бойынша	Айқындығы бойынша	Әлеуметтік өзгерістер тенденциясының түрі бойынша	Даму жылдамдығы бойынша
Жергілікті Микроәлеуметтік	Алдын алуды қажет ететін, әлі туындамаған	Деструктивті және деградациялық Қоғамдағы жағымсыз деструктивті үрдістерді анықтау	Пассивті баяу дамиды
Аймақтық Жеке аймақтарды қамту	Өзекті әлдеқашан туындаған	Трансформациялық Қоғамның өзгеруін, оның бір сападан екіншісіне өтуін бекітетін	Белсенді Динамикалығымен ерекшеленетін
Ұлттық Ел қауіпсіздігіне әсер ететін	Шұғыл Жедел шешімдерді қажет ететін	Жаңашыл Әлеуметтік инновацияның әртүрлі аспектілерімен байланысты	Өте белсенді өте жылдам өседі

Әлеуметтік проблемаларды жіктеу зерттеу әдістемесі мен құралдарын анықтауға, сондай-ақ нәтижелерді тәжірибелік пайдалану сипатына айтарлықтай әсер етеді. Зерттеушінің міндеті – мәселені жіктеу, яғни бұл қажеттіліктің түрін және оны қанағаттандыру жолдарын түсіну ғана емес, әрі қарай талдауға ыңғайлы түрде тұжырымдау.


Осылайша, мәселенің кеңістіктік-уақыттық сипаттамалары және оның әлеуметтік мазмұнын ашу (ол қамтитын қауымдастықтар, институттар, құбылыстар және т.б. анықтау) зерттеу объектісін дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Мәселені қарама-қайшылық түрінде беру (тілектер мен мүмкіндіктер арасындағы; әртүрлі құрылымдар, аспектілер; әлеуметтік жүйелер мен қоршаған орта арасындағы және т.б.) зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтауға жағдай жасайды.

Бағдарламаны жасаудың келесі кезеңі зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау болып табылады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттерін анықтау

Әлеуметтанулық зерттеудің мақсаты – оның күтілетін соңғы нәтижесінің (мәселені шешудің) моделі, оған тек зерттеу арқылы қол жеткізуге болады. Әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасының мақсаты берілген зерттеу қандай нәтижеге бағытталған деген сұраққа жауап беруі керек. Нәтижені тұжырымдау мақсат қоюдың негізін құрауы тиіс.

Әлеуметтанулық зерттеудің мақсаты осы зерттеудің басым бағытын анықтайды, оны жүргізудің бүкіл логикасы соған байланысты болады (сызба №2). Олар теориялық және қолданбалы болады. Біздің зерттеуімізде қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулер негізгі бағдар болады. Қолданбалы әлеуметтанулық зерттеулер нақты мәселелерді (нақты әлеуметтік мәселені) шешуге, үрдістің мүмкін болатын дамуы туралы болжамдар жасауға, нысанды жетілдірудің нақты бағдарламаларын жасауға бағытталған.



Сызба №2. Әлеуметтанулық зерттеу мақсаттарының жіктелуі

Зерттеудің мақсаты тапсырмалар жүйесінде әзірленіп, нақтыланады. Зерттеудің мақсаты неғұрлым нақты тұжырымдалған болса, соғұрлым тапсырмаларды қатаң және дәл тұжырымдауға болады.

Зерттеу міндеттері – мақсатқа жету үшін қажетті негізгі қадамдардың реттілігін ашатын зерттеу мақсатын жүзеге асыру құралдары. Белгілі бір социологиялық зерттеудің міндеттерінің жүйесін құрайтын міндеттердің үш түрі бар:

а) Маңызды міндеттер (сұрақтарға жауап іздеуге байланысты):

- зерттелетін құбылыс қандай?
- оның құрылымы мен қызметі қандай?
- Зерттелу үрдісі қалай жүріп жатыр?
- Зерттеу үрдісінің барысына не әсер етеді?
- зерттелетін құбылысты қандай факторлар анықтайды?

ә) Ұйымдастырушылық тапсырмалар (сұрақтарға жауап беру):

- не істеу керек?
- ақпаратты талдау, жинау, өңдеу және талдау, мүмкін болатын шешімдерді анықтау қадамдарының реттілігі қандай?

б) Әдістемелік тапсырмалар

- әдістемелік құжаттарды әзірлеуге, оларды сынауға және пилотажға арналған тапсырмалар;

Әлеуметтанулық зерттеудің нысаны мен пәні


Мәселені тұжырымдап, мақсаттар мен міндеттерді анықтай отырып, зерттеу нысанын таңдаймыз. Нысан зерттеушінің көзқарасы мен қызығушылығы бағытталған нәрсе болуы мүмкін. Тақырыпқа, әлеуметтанулық зерттеулердегі мақсаттарға, міндеттерге қарай түрлі әлеуметтік институттар, ұйымдар мен мекемелер, сондай-ақ негізгі кейіпкер өзі болып табылатын және өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын адам өмірінің салалары, зерттеу жұмысының нысаны бола алады.

Сұрақты кең ауқымды қарайтын болсақ, әлеуметтанулық зерттеудің нысаны кез келген әлеуметтік мәселенің тасымалдаушысы деуге болады: әлеуметтанушыға қажет ақпаратты бере алатын адам немесе нысан.

Зерттеу нысаны нақты өлшемдерге сүйенген анық белгіленген құбылыстармен сипатталуы міндетті. (3 сызба);

- Кез-келген саланың шегінің болуы осы жүйенің қызмет етуінің маңызды және айқындауыш белгілеріне (саласы, кәсіптік бағдары, объектінің жасы мен ұлты) назар аударуға мүмкіндік береді;

- Кеңістіктік шегі нысанды, оның өндірістік-территориялық қауымдастығы (нысанның жағрафиялық орналасуы) тұрғысынан нақтылайды;
- Функционалдық бағыт-бағдар нысан функционалдық қасиеттері бойынша (мысалы, саяси, этникалық, діни, өндірістік және т.б.) бағыттылығын білдіреді.
- Уақыттық шектеулер өндірістің ерекшеліктеріне немесе аймақ шарттарына қарай маңызы бар басқа да факторларға байланысты зерттеу жүргізу уақытын нақтылайды.
- Сандық өлшемдер эмпирикалық нысандардың саласы мен өмір сүретін жерін (зерттеу сипатына қарай белгілі бір мөлшерде нысан таңдалады) нақты белгілеу арқылы санының таңдалуын пайымдайды.



Сызба №3. Әлеуметтанулық зерттеу нысанының сипаттамаларының өлшемдері

Зерттеу нысанын таңдаудан бөлек, зерттеу сәтті болу үшін **әлеуметтанулық зерттеудің пәнін** дұрыс таңдау өте маңызды. Пән - бұл нысанның ерекшелігі, қасиеті және кез келген салада жүргізілетін әлеуметтік зерттеуді орындау үшін осы ерекшеліктерді анықтау қажет.

Зерттеу пәні ретінде нысанның зерттелуге қажет жағын алу міндетті. Бұл теориялық және практикалық тұрғыдан алғанда нысанның ең маңызды жағы болып есептеледі. Бір әлеуметтік нысанға әр түрлі зерттеу пәні сәйкес келуі мүмкін. Олардың әр қайсысы мазмұны жағынан нысанның нақты қандай жағын, қандай мақсатта, әсіресе қандай әлеуметтік мәселені шешу үшін таңдалғанын көрсететінін анықтайды.

Зерттеу пәні - бұл тікелей зерттеуге жататын нысанның практикалық немесе теориялық тұрғыдан маңызды қасиеттері, жақтары, ерекшеліктері. Нысанның қалған жақтары немесе ерекшеліктері зерттеушінің назарынан тыс қалады.

Зерттеу бағдарламасын құрудың маңызды бөлігі гипотезаны құрастыру болып табылады. Гипотеза негізінен болашақ нәтижелер туралы болжам. Ең дұрысы, гипотезалар «егер А болса, онда В» тұжырымдарының логикасына негізделген.

Осылайша, ғылыми-зерттеу бағдарламасы формальды процедура болса да, қойылған нәтижелер мен мақсаттарға жету үшін әдістемелік нұсқауларды, әдіснамалық және практикалық қадамдарды нақты көру үшін өте маңызды кезең болып табылады.

2-ші бөлім. ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕРІ

Бүгінгі таңда әлеуметтанулық зерттеулердің әдістемесі бойынша көптеген оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттер бар. Бұл бөлімде қолда бар дереккөздерге сүйене отырып, біз сандық және сапалық әдістердің негізгі ұғымдарын, механизмдерін, процедураларын қолжетімді түрде көрсетуге тырыстық. Әдістемелік құрал соңында біз сүйенген және әлеуметтанулық зерттеулер саласына тереңірек ену үшін міндетті түрде зерделеу қажет ұсынылған әдебиеттер тізімі берілген.

2.1 Зерттеулердің сандық әдістері



Зерттеудің сандық әдістері – өлшеуге, сұрыптауға, жіктеуге болатын сандық мәліметтерді жинау үшін қолданылатын әдістер. Яғни, сандық әдістер деректерді сандық бағалауға және қызықтыратын жиынтықтан алынған іріктеу нәтижелерін қорытындылауға арналған.

Сандық әдістерді қолданудың мақсаты берілген үлгідегі әртүрлі көзқарастар мен пікірлердің таралуын өлшеу немесе жалпы белгілерді/үлгілерді, әсіресе, қоғамның дін саласын анықтау болып табылады.

Негізгі этаптары:

- проблемалық жағдайды анықтау, зерттеу мәселесін құру;
- әлеуметтанулық зерттеу бағдарламасын құру;
- іріктеу/мақсатты топты анықтау;
- мақсаттарды, міндеттерді, зерттеу сұрақтарын, тікелей және түпкілікті нәтижелерді қою;
- әлеуметтанулық құралдарды таңдау;
- әлеуметтанулық зерттеу жүргізу – мәліметтер жинау;
- алынған мәліметтерді өңдеу және талдау;
- қорытындылар мен ұсыныстарды дайындау;
- зерттеудің соңғы нәтижелерін ұсыну;

Кез келген ауқымды зерттеулерді бастамас бұрын мұқият ойластырып, мұқият жоспарлау маңызды:

Басты сұрақтар:

1. Сіз кімнен сауалнама алғыңыз келеді?
2. Оларды қалай таңдамақсыз?
3. Олардан сауалнама қалай алынады?
4. Олардан не жайлы сұрағыңыз келеді?
5. Міндеттерді қалай ұйымдастырмақсыз?

2.1.1 Жаппай сауалнама жүргізу

Жаппай сауалнама – әдетте жеке сұхбат/бетпе-бет сауалнама (face-to-face) негізінде іріктеу жиынынан бастапқы деректерді жинау әдісі.

Мақсатты топ – аймақтағы халық, өндіріс жұмыскерлері, қоғамдық ұйымдар (діни ұйымдар), студенттер және т.б.

Сауалнаманың басқа түрлері:

- Пошта арқылы
- Телефон арқылы
- Электронды пошта / интернет сауалнама
- Көше сауалнамасы / басқарылатын сауалнама

САУАЛНАМА ТҮРЛЕРІ	АРТЫҚШЫЛЫҚТАР	КЕМШІЛІКТЕР
Пошта	Үлкен жағрафиялық аймақты қамти алады	Толтыру барысында сұрақтарды түсіндіре алмайсыз
	Адамдар сауалнаманы қағаз бен қарындаш арқылы толтыруға дағдыланған.	Толтырылған сауалнаманы қайтаратын уәжделенген халық қажет
	Сауалнаманы өзіңізбен бірге алып, оны кез келген жерде, кез келген уақытта толтыра аласыз	Респонденттердің көру, оқу және жазу қабілеті болуы керек
	Нәзік мәселелер үшін тамаша	
Телефон/ әкімшілікті	Ақпарат бірден алынады	Әкімшілік тарапынан ауытқу ықтималдығы
	Респонденттермен бірге жауаптарды зерттей алады	Жұмсалған ресурстардың шамадан тыс болуы
Электрондық пошта/ Интернет	Төмен шығындар	Респонденттердің интернетке қол жетімділігі болуы керек
	Тек «жағымды» жауаптарға рұқсат етілуі мүмкін (валидация)	Респондент компьютерді пайдалана білуі керек
	Сұраққа міндетті түрде жауап беру талабы	Респонденттер веб-шолғышты пайдалана білуі керек
	Респонденттерге қосымша түсініктемелері бар сілтемелер бере аласыз	Ақау беретін технологияларға сену сәтсіздікке ұшырата алады

Кез келген сауалнаманы сынақтан өткізу өте маңызды, өйткені өзінің тақырыбына жақын сауалнама құрастырушылары жасаған сұрақтары мен үлгісі үлкен мақсатты топқа сауалнама ретінде жарамды деп ойлап қалуы әбден орынды. Сауалнаманы сіз зерттеп жатқан тақырыпқа дәл сіздің дәрежеңіз сияқты қатысы бар достарыңызбен немесе әріптестеріңізбен өткізуге болады, тура солай кеңейтілген тұрғындар тобымен де өткізуге болады. Сауалнаманы өту қаншалықты оңай немесе қиын болғаны жайлы кері байланыс алу маңызды. Сынақты сондай ақ іріктелген жиынның ішкі жиынымен де өткізуге болады. Бұл проблеманың зерттеу барысында емес, алдын ала анықталып шешілуіне көмектеседі және нәтиженің бұрмалануының алдын алады.



Форматты (жеке, сырттай, онлайн т.б.), мақсатты топты, іріктеуді, таңдау шеңберін, статистикалық маңыздылықты – ескеру маңызды!

Сауалнама кіріспеден басталады (респондентке үндеу), ол жерде тақырып, мақсат, сауалнаманың міндеттері және сауалнаманы өткізіп жатқан ұйымның атауы жазылады; сауалнаманы толтыру жолы түсіндіріледі. Содан кейін мағыналары бейтарап, мейлінше қарапайым сұрақтар беріледі. Тікелей танымдық міндетінен басқа, олар әңгіменің «бастапқы нүктесін» қамтамасыз етеді, ынтымақтастыққа негізделген психологиялық көзқарасты қалыптастырады.

Респондентпен әңгіме құрарда төмендегі жәйттарды ескеру қажет (бұл ұсыныстар сондай ақ пошта сауалнамасымен бірге жіберілетін ілеспе хатқа да қатысты):

- Өзіңізді таныстыру. Зерттеу кімнің қамқорлығымен жүріп жатқанын анықтау.
- Қандай ақпарат жинау керектігін, зерттеу жүргізудің маңыздылығын және не жайлы екендігін жалпылама шолып өту қажет.
- Респонденттің не себепті таңдалғанын айту керек, мысалы кездейсоқ.
- Сауалнамаға қатысу еркін екендігін білдіру.

• Қатысушының кім екендігі ешқандай жолмен анықталмайтынына кепіл беру керек. Әдетте бұны талдаудың біріккен түрде жасалатынын не болмаса ақпараттың компьютерге анонимді түрде енгізілетінін ескеру арқылы жасауға болады.

• Берілген кез келген ақпараттың құпия екендігін растау.

• Респонденттің кез келген сұрағын сұрауға мүмкіндік беру. Мысалы өзіңіздің телефон номеріңізді жазуға болады немесе сауалнама жазбаша немесе жеке сұхбат түрде болған жағдайда респонденттен сұрағы бар жоғын сұрауға болады.

Сауалнаманың құрамы

Анкета бұл жәй сауалнама сценарийі, жәй ғана сұрақтар жиынтығы емес. Оның өзіндік сәулеті бар. Сауалнаманың көлемі респондент жұмсайтын күш пен уақытқа, сондай ақ сауалнаманың әдісіне, мақсаты мен міндетіне және де зерттеудің ашылуына байланысты. Үлкен анкета респондентті үркітіп жібереді, тым қысқа болса “бос қағаз” ойын тудырады. Екеуі де сауалнаманың сапасын түсіреді. Анкетада нақты сұрақ саны жоқ. 10-100 аралығында сұрақ алуға болады, барлығы да сұрақтың қиындығына байланысты. Ең басты нәрселердің бірі ол сауалнамаға кететін уақытты ескеру, мүмкіндігінше 40 минуттан аспағаны жөн. Телефон сауалнамасы болса, 10 минуттан көп емес.

“Бетпе бет” сауалнамасында ең оптималды көлем жайлы тәжірибеде 30-40 сұрақ тұратын сауалнама екені туралы пікір қалыптасқан.

Анкеталық сауална деректерді жинау нысандарының барлық түрлерінің ішіндегі ең күрделісі және уақытты қажет ететіні болып есептеледі. Себебі, сауалнама тек форма ғана емес, респонденттермен жұмыс істеу құралы болып табылады. Ол интервьюерге де, респонденттерге де түсінікті болуы, респонденттердің бас тартуын тудырмауы, қажетті ақпарат көлемін ұсынуы керек; одан әрі өңдеу және талдау үшін оңтайлы болуы керек. Бірақ сонымен бірге сауалнама әрбір сұрақтың негізінде жатқан белгілі бір құбылыстарды немесе үрдістерді өлшеуге арналған көрсеткіштер жиынтығы болып табылады.

Анкетадағы сұрақтар проблемалық қағидаттарына немесе тақырыпқа байланысты блоктардан тұрады. “Объективті бөлім” (респонденттердің әлеуметтік-демографиялық сипатына қатысты сұрақтар блогы) анкетаның басында немесе соңында орналастырған жөн. Бірінші жағдайда бұл респондентті қиынырақ сұрақтарға дайындау қажеттілігімен, екіншісінде - негізгі сұрақтарға жауап бергеннен кейін шаршаумен түсіндіріледі.

Анкетаны толтыру нұсқаулығы өте маңызды. Анкетаны толтыру техникасын қате түсініп алу әлеуметтанулық ақпараттың бұрмалануына әкелуі мүмкін. Сауалнаманы бастамас бұрын респондентке анкета толтырудың барлық ерекшеліктерін түсіндіруіңіз керек.



Анкета құрған кезде графикалық құрылымына қатты көңіл бөлу керек: анық шрифт, еркін жауап жазу үшін жеткілікті орын, сүзгі сұрақтан басқа сұраққа өтерде сілтемелер мен жебелер қолдану және т.б.



Мүмкіндігінше қысқа, нақты әрі анық сұрақтар қойыңыз. Қиын, нақты емес сұрақтар қоймаңыз.

Сауалнама жүргізген кезде келесі ережелерді ұстану қажет:

1. Сұрақтарды өз бетінше бұрмалап, тұжырымдауына жол бермеңіз
2. Өзіңізге ыңғайлы жауапты есту үшін респондентке қысым көрсетпеңіз.
3. Сұрақтарды анкетадағы реттілікпен қойыңыз.

2.2 Зерттеудің сапалық әдістері



Бұл бөлім сізге сапалы зерттеу әдістерін түсінуге және меңгеруге көмектесу үшін сапалы зерттеу тәсілінің негізгі элементтерімен таныстырады.

Маңызды сәттер:

- Сапалы зерттеудің не екендігі туралы келіспеушіліктер бар.
- Сапалы зерттеу сызықтық қадамдардың нақты жиынтығына қарсы келеді.
- Бұл әдетте сандық зерттеулерге қарағанда ашық зерттеу стратегиясы болып табылады.
- Теориялар мен тұжырымдамалар зерттеу процесінің нәтижесі ретінде қарастырылады.
- Сапалық зерттеулерге сандық зерттеулермен байланысты сенімділік пен негізділік критерийлерін қарапайым қолдану туралы айтарлықтай алаңдаушылық бар. Шынында да, кейбір авторлар сенімділік пен негізділікке параллельділігі бар балама критерийлерді пайдалануды жөн көреді.
- Сапалы зерттеушілердің көпшілігі зерттеу тақырыптарына зерттеуге қатысушылардың көзімен қарауды жөн көреді.

Сапалық зерттеудің ең кең тараған әдістері:

Стандартты емес сұхбат: жеке әңгімелесуде адамдарға жеке сұрақтар қою (әртүрлі түрлері бар).

Фокус-топтар: сұрақтар қою және оларды адамдар тобында талқылау.

Бақылаулар: Өріс жазбаларында көрген, естіген немесе кездестірген нәрселердің жазбасы.

Көрнекі талдау әдістері: антропология мен әлеуметтануда қолданылатын дәстүрлі этнографиялық әдістерге негізделген сапалы зерттеуге жаңа және инновациялық көзқарас.

Сапалық зерттеудің негізгі кезеңдерінің сызбасы

1. Жалпы зерттеу сұрақтарын құрастыру
2. Орын, әлеуетті респондент, сәйкес тақырып таңдау
3. Өзекті ақпарат жинау
4. Ақпараттарды талдау
5. Тұжырымдық және теоретикалық жұмыс
6. Қорытынды жазу

2.2.1 Сұхбаттың әр түрлі тәсілдері



Зерттеу сұхбатының **негізгі үш түрі** бар: құрылымдалған, жартылай құрылымдалған, құрылымдалмаған.

Құрылымдалған сұхбат бұл ауызша сауалнамалар, онда алдын ала анықталған аз немесе мүлдем өзгеріссіз сұрақтар тізімі қойылады және қосымша пысықтауды қажет ететін жауаптарға қосымша сұрақтар қою мүмкіндігінсіз. Олар сандық зерттеу әдісіне жатады. Өз болмысына қарай ол қатысушыдан шектеулі жауап ала алады, сәйкесінше

зерттелініп жатқан құбылысты терең түсіну қажет болған жағдайда бұл жеткіліксіз болады.

Жартылай құрылымдалған сұхбат бірнеше негізгі сұрақтан тұрады. Бұл сұрақтар зерттелуі тиіс салаларды анықтауға көмектеседі, сонымен қатар сұхбат алушы мен берушіге шектен шығуға, кеңеюге және пікір мен жауапты егжей-тегжейлі талқылау үшін тереңдеуге мүмкіндік береді. Құрылымдалған сұхбатпен салыстырғанда бұл тәсілдің икемділігі, қатысушылар үшін маңызды, бірақ бәлкім ертеректе зерттеуші үшін орынсыз болған ақпаратты өңдеуге немесе анықтауға көмектеседі.

Құрылымдалмаған сұхбат – ешқандай алдын ала болжанған теориялар мен идеяларды көрсетпейді және аз ғана ұйымдық құрылыммен немесе мүлдем онсыз жүргізіледі. Мұндай

сұхбат жай ғана кіріспе сұрақтан басталуы мүмкін, мысалы: «Мешітке (шіркеуге, ғибадатханаға) бару кезіндегі тәжірибеңіз туралы айтып бере аласыз ба? Содан кейін зерттелетін мәселенің тақырыбы, ең алдымен, бастапқы жауаптың негізінде әрі қарай дамиды. Құрылымдалмаған сұхбаттар әдетте өте көп уақытты қажет етеді (көбінесе бірнеше сағатқа созылады) және оны жүргізу және қатысу қиын болуы мүмкін, себебі алдын ала анықталған сұхбат сұрақтарының болмауы, не туралы сөйлесуге болатыны туралы аз нұсқаулар береді (көптеген қатысушылар нұсқаулықтар шатастырады және пайдасыз деп санайды). Сондықтан бұл әдісті тек тереңдік қажет ететін жағдайда немесе зерттелетін пән жайлы ешқандай ақпарат болмаса қолдану қарастырылады.

Құрылымдалмаған сұхбат түрлеріне тереңдетілген, баяндау, сарапшылық және басқа да түрлері жатады.

Тереңдетілген сұхбат – кең таралған сапалы зерттеу әдістерінің бірі. Бұл бір респондентпен жүргізілетін жеке сұхбат. Бұл респонденттен толық ақпарат алуға мүмкіндік толықтай әңгімелесу әдісі.

Бұл әдістің артықшылықтарының бірі - адамдар неге сенетіні және олардың мотивтері қандай екендігі туралы нақты деректерді жинауға тамаша мүмкіндік. Зерттеуші тәжірибелі болса, дұрыс сұрақтар қою маңызды деректерді жинауға көмектеседі. Қосымша ақпарат қажет болса, зерттеушілер қосымша ақпарат жинауға көмектесетін сұрақтар қоюы керек.

Бұл сұхбаттарды жеке немесе телефон арқылы жүргізуге болады және әдетте жарты сағаттан екі сағатқа дейін немесе одан да көп уақытқа созылуы мүмкін. Тереңдетілген сұхбаттар бетпе-бет жүргізілгенде респонденттердің дененің қозғалыс тілін оқып, жауаптарымен салыстыруға жақсы мүмкіндік береді. Тиісінше, оның шындыққа жанасуы жоғарырақ.

Сарапшы сұхбаты – сұхбаттың жиі қолданылатын түрі, өйткені оның көптеген зерттеу жобаларына қатысы бар. Әдетте, сарапшылық сұхбат зерттеуде стратегиялық рөл атқаратын өкілдермен жүргізіледі. Сұхбаттың бұл түрі зерттеу пәні туралы алдын ала білімді қажет етеді, себебі ол гипотезаларды тексеруге, зерттеудің басқа элементтері арасында байланыс орнатуға, стратегиялық үйлесімділікті қамтамасыз етуге және зерттеу нәтижелерін алға жылжытуға тікелей қатысты.

Баяндау сұхбаты – сұхбаттың бұл түрі жеке тұлға тұрғысынан әр түрлі әлеуметтік процестер мен мәселелер туралы, кез келген әлеуметтік топтардың тәжірибесі туралы жоғары сапалы ақпарат алуға арналған. Сұхбат респондент өмірі туралы еркін әңгіме, хикая түрінде өтеді. Баяндау сұхбатында сұхбат алушы сұхбаттың ұйымдастырушысы болып табылады, алайда баяндау (нарратив) үшін респондент әңгіменің композициясын, контекстік шеңберін, стилін және басқа да экспрессивті тілдік құралдарын өзі белгілейді. Әңгімелеу сұхбатының мақсаты - зерттелетін құбылыстарды тереңірек түсіну үшін, респонденттің өзінің көзқарасы бойынша және өміріндегі маңызды оқиғаларды анықтау. Әңгімелесуді діни топтардың өмір салтын зерттеу, жеке адам мен діни қауымның өзара әрекетін зерттеу, діни тұлға мен оның дамуын тереңірек түсіну үшін пайдалануға болады.



Сұхбаттың маңызды мәселесі – бұл кіммен сөйлесетінізді және сұхбаттың қандай түрін қолданатыныңызды шешу.

2.2.2 Фокус-топ

Фокус-топ дегеніміз зерттеу мақсатында ұйымдастырылған белгілі бір тақырыпты топ болып зерттеу. Фокус-топтар сол көзқарастардың негізінде жатқан ұжымдық көзқарастар мен мағыналар туралы ақпарат алу үшін пайдаланылады. Олар сондай-ақ қатысушылардың тәжірибесі мен сенімдері туралы терең түсінік қалыптастыру үшін пайдалы. Олар әдетте күрделі процестерді түсіндіру үшін қолданылады.



Фокус топтың әдісі *(немесе фокусталған сұхбат деп те атайды)* топтық пікір-таласты білдіреді, оның барысында қатысушылардың белгілі бір мәселеге, оқиғаға немесе құбылысқа және т.б. деген қарым қатынасы мен көзқарасын анықталады.

Фокус-топтың басты мақсаты “не” “неге” “қалай” деген сұрақтарға жауабын табу.

Фокус-топтың ұйымдастырылуы

Ең алдымен **топтың мүшелерін** анықтап алу қажет. Қандай нәрсені білгіңіз келетініне байланысты сұхбат алуыңыз қажет адамдарды анықтап алыңыз. Тәжірибесі мен көзқарастары әр түрлі үлкен ортаны жинауға тырысқаныңыз жөн екендігін ескеріңіз.

Аты-жөні (сарапшы өзін қалай таныстырса солай жазамыз)	Жұмыс орны / лауазымы (ұйымның толық және дұрыс атауы; егер сарапшы рұқсат берсе лауазымын жазамыз)	Байланыс деректері (толық деректер, мекен-жайы, телефон нөмірлері және басқа да байланыс түрлері)	Жобадағы мәртебесі (мұнда келіссөздердің нәтижелері, сұхбаттың қай күнге және уақытқа тағайындалғаны, кездесу күнін ауыстыру және т. б. сипатталады)	Ескертпелер (жобаға қатысты кез келген ақпарат сипатталады, мысалы, егер сарапшы тарапынан агрессиялық қатынас болса және т. б.)

Егер сараптамалық зерттеу белгілі бір аймақтағы діни ұйымдардың басшыларымен және жетекшілерімен сұхбат жүргізуді көздейтін болса, онда әлеуетті сарапшылардың тізімі 100% қамтуға ұмтылады (яғни, барлық тіркелген ұйымдар өкілдерінің базасы болуы мүмкін). Бұл жағдайда тізімді бақылау, сарапшылар туралы деректерді үнемі жаңартып отыру маңызды міндет болып табылады.

Дегенмен, әрдайым тек бір ғана сарапшылардың (дін саласының өкілдерінің) жауабы өз саласындағы тақырыптары бойынша пікірі қатты өзгере қоймайтынын есте ұстаған жөн.

Сондай-ақ, жаңа діни ұйымдардың (тіркелген немесе тіркелмеген) пайда болу мүмкіндігін ескеру қажет, оларды да зерттеу үрдісіне тарту керек, яғни сараптамалық сұхбаттарға арналған тізімге енгізу керек.

Осылайша, егер зерттеу мониторинг сипатында болса, онда динамиканы анықтау үшін респонденттердің саны бірдей болса (мысалы, бір толқында 5-7 адам) оларды алмастырып отырған дұрыс, яғни сол адамдармен қайта-қайта бір гайдпен сауалнама өткізген дұрыс емес.

Діни бірлестіктердің көшбасшылары мен жетекшілерімен сараптамалық гайдтың үлгісі

Кіріспе

Сәлеметсіз бе! Менің атым _____. Мен _____ жұмыс істеймін. Біздің ұйым /мен _____ тақырып бойынша зерттеу жүргізіп жатырмыз.

Сауалнамаға қатысуға және сұрақтарымызға жауап беруге келіскеніңіз үшін рахмет. Қарсы болмасаңыз, сұхбатты аудиотасымалдағышқа жазып алғымыз келеді. Уайымдаудың қажеті жоқ, бұл жазба еш жерде таратылмайды/жарияланбайды. Ол біз үшін жиынтық есеп жазғанда тек қосымша материал болып табылады.

Сұрақ ұнамаса, біз оны талқыламай-ақ қойсақ болады. Біздің әңгіmemіз бір сағаттан аспайды.

НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР

1) Жалпы діни ахуалды бағалау

1. Елдегі дін саласындағы жағдай сізді қанағаттандырады ма? Сізді бір нәрсе мазалайды ма? Өзгерістердің болуына қандай да себептер әсер етті ме? Егер де болса, оларды атап өтсеңіз.

2. Сіз өз аймағыңыздағы қазіргі діни ахуалды қалай бағалайсыз? Бұл туралы тікелей сіздің қалаңыз/ауданыңыз/ауылыңыз туралы не айта аласыз?

3. Сіздің аймағыңызда (облыс/аудан/ауыл) әртүрлі дін өкілдері тұрады ма? Олай болса, әр түрлі конфессия өкілдері арасындағы қарым-қатынасты қалай бағалайсыз? Олар сабырлы, мейірімді ме, әлде қандай да бір шиеленіс болды ма? Егер шиеленіс пайда болса, онда Сіз оны діни сипаттағы деп санайсыз ба? Немесе бұл шиеленіс басқа себептерден, мысалы, экономикалық проблемалардан немесе этносаралық қатынастардың жағдайынан туындады ма?

2) Мемлекеттік діни саясатты бағалау

1. Сіздің ойыңызша, соңғы екі жылда мемлекеттің дін саласында жүргізіп отырған саясатында өзгерістер болды ма? Сіз бұл өзгерістерді өзіңіз сезінесіз бе? Бұл немен сипатталады?

2. Сіздің жұмысыңызды негізсіз қиындататын шаралар бар деп ойлайсыз ба? Айта кетсеңіз.

3. Пандемияға қарсы шаралар Сіздің жұмысыңызға қалай әсер етті?

4. Жалпы, сіз қалай ойлайсыз, мемлекет діни мәселелерде қандай саясатты ұстануы тиіс – белсенді болу, барлық діни бірлестіктерді бақылау немесе тек бақылаушы болу және заң бұзылған жағдайда ғана әрекет ету?

5. Сіздің аймағыңыздағы діни ахуалдың алдағы бірнеше жылға дамуы туралы болжамыңыз қандай?

3) Діни бірлестіктердің тіршілік әрекетінің өзекті аспектілері

1. Сіздің мешітіңізде/шіркеуіңізде/приходыңызда істер қалай жүріп жатыр? Жағдайды түсіну үшін біздің назарымызды аударғыңыз келетін қандай да бір өзгерістер болды ма?

2. Біздің өңірде және жалпы Қазақстандағы басқа діни ағым өкілдерімен өзара қарым-қатынаста сізді қандай мәселелер толғандырады?

3. Басқа діни ағымдары мен бағыттарының өкілдерімен өзара қарым-қатынаста не нәрсеге назар аударғыңыз келеді?

4. Сіз облыстың жас тұрғындары мен жасы үлкендердің арасынан діни сенімге қатысты айырмашылықты көресіз бе? Кіммен сөйлесу оңай? Жас азаматтар арасында дінге сенушілер көп пе?

5. Мемлекеттің діни бірлестіктерімен қарым-қатынасында конфессияаралық татулық пен келісімді сақтау үшін не нәрсеге көңіл бөлуі керек, Сіз нені ұсынар едіңіз?

6. Сіз қалай ойлайсыз, елде діни, оның ішінде исламдық экстремизм қаупі азайды ма?

7. Сіздің ойыңызша, діндарлардың радикалдануына жол бермеу үшін не істеу керек?

8. Мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жақсартуға және біздің өңіріміз бен мемлекетімізде бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін айтылмай қалған мәселелер болса, Сіз тағы не қосар едіңіз?

Біздің зерттеуге қатысқаныңыз үшін көп рахмет!

САРАПШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР (кездесуден кейін толтырылады)

Жасы _____

Білімі _____

Еңбек қызметі _____

3.4.2 Нарративті сұхбат: практикалық ұсыныстар мен гайд

Нарративті сұхбатты негізінен дін жолында жүрген діндар адамдармен өткізген дұрыс, себебі жүргізілген әңгемелер арқылы, олардың дінге қалай келшендерін, діни қауымдастығымен қарым-қатынастарын, және басқа да аспектілерін тереңірек түсінуге тырысу үшін. Дінге сенушілермен нарративті сұхбат жүргізуді діндар адам позициясынан тереңірек түсіну үшін діндегі арнайы өзекті тақырыптармен байланыстыруға болады.

Әлеуметтік зерттеу қағидаттарына сәйкес, сұхбаттың құрылымын анықтайтын нарративті сұхбатты әдетте үш кезеңге бөледі.

I кезең

Еркін нарративті әңгіме

Нарративті сұхбаттың басында зерттеуші жалпы сұрақ – "баяндау импульсін" және сұранысты қысқаша тұжырымдайды. "Нарративті импульстің" мақсаты - респонденттің өмірбаянын баяндауға ынталандыру.

Нарративті импульс:

"Мен сізден өз өміріңіздің тарихын айтып беруіңізді сұраймын. Ең дұрысы, сіз туған сәттен бастап, бала кезіңіз туралы, содан кейін осы уақытқа дейін болған барлық оқиғалар туралы айтып беріңіз. Діннің сіздің өміріңізде қандай рөл атқарғанын және қазір алатын орнын білу өте қызықты. Сіз тіпті егжей-тегжейіне дейін сөйлесе аласыз, өйткені мені сіз үшін маңызды нәрсенің барлығы қызықтырады".

Маңызды: респондент өз әңгімесін бастағаннан кейін интервьюер респонденттің сөзін бөлмеуі керек және оның негізгі рөлі – әңгімені мимика (басын изеу) және "жақсы", "бұдан кейін не болды?", деген сөз тіркестері арқылы әңгіменің жалғасын тыңдау және ынталандыру болып табылады. Интервьюердің пассивті рөлі респондентке өзінің өмірлік тәжірибесін ашуға және назарын бағыттауға мүмкіндік береді.

Әдетте, бірінші фаза респонденттің "Міне, осымен ...", "Міне, бәрі де..." және т.б. сөз тіркестерімен аяқталады. Осыдан кейін сұхбат екінші фазаға өтеді.

Бірінші кезеңде баяндау барысын және оқиғалардың ретін, уақыт шеңберін, оқиғадағы үзілістерді және үзілістерді екінші кезеңде пайдалану үшін жазып алу немесе есте сақтау қажет.

II кезең

Нарративті сұраулар

Бұл кезеңде зерттеуші оқиғаның үзілген жіптерін қалпына келтіруге, респонденттің мәлімдемелерінің мағынасын анықтауға арналған нақтылаушы сұрақтар қоя алады.

Бұл кезеңде сұхбат алушы тарапынан да, сұхбат берушінің тарапынан да бағалау сұрақтарынан немесе пікірлерден аулақ болу керек.

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін, егер респондент бірінші кезеңде ашылмаса, екінші кезеңде әсер етуі мүмкін тақырыптардың міндетті шеңберін қамту қажет. Нарративтік сұрау барысында алынған ақпарат жекелеген сәттерді егжей-тегжейлі талдап қана қоймай, сонымен қатар респонденттің өзіндік ішкі цензурасына байланысты негізгі оқиғаға енбеген проблемалық эпизодтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Нарративті сұхбатын талдау үшін қажетті тақырыптар (ыңғайлы болу үшін ашылған тақырыптарды "құсбелгілермен" белгілеңіз):

Отбасы	
Ата-анасы (жасы, кәсібі, әлеуметтік тобы, респондентпен өзара қарым-қатынасы)	
Отбасы ішіндегі проблемалар (зорлық-зомбылық, ажырасу, жұмыссыздық)	
Респонденттің және отбасы мүшелерінің дүниетанымдық, атап айтқанда, діни көзқарастары	
Мектеп және студенттік жылдар	
Респондент қандай оқу орындарында оқыды	
Жетістіктері, егер мектепте, колледжде немесе университетте проблемалар болса және олардың себептері	
Өмірдің осы кезеңінде дін қаншалықты болды	
Кәсіби мансап	
Жұмыс тәжірибесі, кім болып жұмыс істеді	
Респондент жұмыссыз болды ма	
Өмірінде дін қандай орын алады	
Саяси және діни көзқарастар	
Мемлекеттік құрылымдарға, мемлекеттік-конфессиялық саясатқа қарым-қатынасы	
Зайырлылыққа деген көзқарас	
Басқа конфессияларға көзқарас	
Достар мен туыстар	
Респондент тұлғасын қалыптастырудағы достардың рөлі	
Респондент бос уақытын қалай өткізеді	
Достарымен және отбасымен қарым-қатынастағы діннің орны	

III кезең

Қорытынды кезең немесе "интерпретация"

Бұл кезеңнің мақсаты-респондентті естеліктерден алшақтату және қазіргі уақытқа қайтару және өткен тәжірибені қазіргі контексте фокусталған түрде түсіндіру үшін өткенді бүгінгі күннің тұрғысынан бағалау.

Діни бірлестіктердің дінге сенушілерімен нарративті сұхбатының үлгісі¹³

- Сәлеметсіз бе, Мен сізді қалай атай аламын?

Жоғарыда сипатталған нарративті импульстен бастаңыз. Егер респондентке қиын болса, келесі сұрақтарды қоса аласыз.

1 Блок. Ақпарат берушінің өмірбаяндық деректері, ата-ана отбасы

1. Сіздің балалық шағыңыз қайда және қалай өтті?

2. Кішкентай кезіңізде ата-анаңыз қандай іспен айналысты? Ата-анаңыз қайда жұмыс істеді?

¹³ Гайдта сұхбат алушыға сұхбат жүргізуге көмектесетін сұрақтар ұсынылған. Респондент әлдеқашан бірдеңе туралы айтқан болса, бұл сұрақтар міндетті түрде қойылмауы мүмкін. Сондай-ақ интервьюер зерттеудің маңызды тұстарын түсіну үшін осы нгайдта жоқ басқа сұрақтар қоюы мүмкін.

3. Сіздің бауырларыңыз бар ма? Сіздер бала кездеріңізде қаншалықты жақын болдыңыз? Сіздердің қарым-қатынастарыңыз қазір сақталды ма?
4. Сіз өскен отбасында діни сенім жоғары болды ма? Оны немен сипаттай аласыз?
5. Ата-анаңыздың ортасы діндар болды ма?
6. Сіздің балалық шағыңызда қандай діни рәсімдер орындалды? Олар сіз үшін қаншалықты қызықты болды?
7. Сіздің балалық шағыңызда дін тақырыбы қандай жағдайларда көтерілді?
8. Ата-анаңыз Сізбен дін туралы сөйлесетін бе еді? Осы тақырып бойынша сұрақтарыңыз болды ма?
9. Бала кезіңізде/жас кезіңізде ата-анаңыздан басқа кім сізге дін туралы айтты?
10. Мектепті бітіргеннен кейін не істедің? Сіз қайда оқыдыңыз? Сіз оқып жүрген кезеңде дін қандай рөл атқарды?
11. Сіздің біліміңіз қандай? Сіздің біліміңізге дін әсер етті ме?

2 Блок. Қазіргі өмір, айналамыз

1. Қазіргі уақытта немен айналысасыз?
2. Сіз қазіргі уақытта кіммен тұрасыз?
3. Сіз қазір қай салада жұмыс істейсіз? Сіз алған мамандығыңыз бойынша жұмыс жасайсыз ба?
4. Сіздің жақын достарыңыз бар ма? Сіздер қай уақыттан бері дос болып жүрсіздер?
5. Сізде дос/қыз, күйеу / әйел бар ма? Сіздің өз отбасыңыз бар ма?
6. Сіздің балаларыңыз бар ма?
7. Қазіргі уақытта сізді не қызықтырады?
8. Сіздің ортаңыз қаншалықты діни?
9. Сіздің достарыңыз, таныстарыңыз, әріптестеріңіздің арасында терең діни сенімді адамдар бар ма?
10. Сіз олардың көзқарастарымен келісесіз бе?
11. Сіздің ортаңызда басқа діни конфессияларға сенушілер бар ма? Олармен қарым-қатынасыңыз қандай? Сіздің жақын достарыңыздың арасында бар ма?
12. Сіздің жұбайыңыз қаншалықты діндар? Сіздердің қайсыңыз діндар? Араларыңызда дінге байланысты келіспеушіліктер болады ма? Егер пайда болса, оларды қалай шешесіз?
13. Сіз балаларыңызды дінге баулайсыз ба? Қай жастан бастап? Ол үшін не істейсіз?

3 Блок. Діни мінез-құлық¹⁴

1. Сіз ақпарат берушінің дініне байланысты діни ғимараттың атауы / қаншалықты жиі барасыз? Бұл қандай себептерге байланысты болады?
2. Сіз қандай діни мерекелерді атап өтесіз? Сіз діни мейрамдардан басқа қандай мерекелерді атап өтесіз? Сіз әдетте діни мерекелерді кіммен бірге өткізесіз?
3. Сіз қандай діни жораларды, тәжірибелерді жасайсыз? Қаншалықты жиі?
4. Сіз ақпарат беруші ұстанатын діннің атауы / туралы әдебиетті оқисыз ба? Қандай? Сіз оны әдетте қайдан аласыз? Сіз оқығанды талқылайсыз ба? Кіммен?
5. Сіз діни белгілері бар зергерлік бұйымдарды, киімдерді киесіз бе? Бұның сіз үшін қандай маңызы бар? Діни белгілерді тағы қай жерде қолданасыз?
6. Сіз күнделікті өмірде діни мораль нормаларын ұстанасыз ба?
7. Сіз діни білім алдыңыз ба (медресе, жексенбілік мектеп, т. б.)?
8. Сіз ақпарат беруші ұстанатын діннің атауы / тарихын білесіз бе?
9. Сіз басқа діндердің тарихымен таныссыз ба?
10. Діни мәселелер бойынша ақпаратты қандай көздерден аласыз?

¹⁴ Мұндағы сұрақтарды тікелей зерттеу тақырыбымен, мақсатымен және міндеттерімен байланыстырған дұрыс. Бұл жерде сіз пайдалана алатын әртүрлі ықтимал нұсқалар бар.

11. Егер сізде діни сипаттағы даулы сұрақ туындаса, кеңес, шешім алу үшін кімге жүгінесіз?

4 Блок. Ақпарат берушінің иманға жету жолы. Ақпарат берушінің рухани қалыптасуына әсер еткен факторларды анықтау

1. Өзіңізді қай жасыңызда дінге сенуші ретінде сезіндіңіз?
2. Өміріңізде сізді дінге алып келген қандай да бір оқиға болды ма, әлде ол біртіндеп жүзеге асты ма?
3. Сіздің діни сенімдеріңіз қаншалықты жиі өзгерді?
4. Сізде дініңізді өзгерту туралы тілек туындап па еді? Бұндай тілек қандай себептерден туындады? Сонда не істедіңіз?

Егер өзгертіпеген болсаңыз: сол уақытта Сізді не тоқтатты?

5. Сіздің ойыңызша, адам дінін өзгертуге, өз ұлтына тән дәстүрлі діннен басқа дінге кетуге құқығы бар ма?

Әрі қарай, егер ақпарат берушінің өмірінде діни үндеу (діни конверсия) болса:

- /ақпарат беруші ұстанатын діннің атауы/ болғаннан кейін сіздің өміріңізде не өзгерді?
- Сіздің ішкі дүниеніз өзгерді ме? Қалай?
- Сіздің жақындарыңыз дінді өзгерткеніңізге қалай қарады?
- Достар, таныстар шеңбері өзгерді ме?
- Сіздің жеке өміріңізде бір нәрсе өзгерді ме?
- Сіздің өміріңізде дінді өзгерткеніңізге өкінген сәттер болды ма?

5 Блок. Діни қауым. Діни агенттер

1. Сіз өзіңіздің /ақпарат берушінің дініне байланысты діни ғимараттың атауы/ үнемі баратын адамдарды, діни қауымның мүшелерін танысыз ба?
2. Сіз олармен қаншалықты тығыз байланыс жасайсыз?
3. /ақпарат беруші ұстанатын дін/ /ақпарат берушінің діни сенімінің анықтамасы/ алдында жамағатқа және қоғамға қатысты қандай міндеттері бар?
4. Сіз қауымдастық үшін не істейсіз?
5. Қауымдастық сізге не береді?
6. Өзіңізді қауымдастыққа жататыныңызды сезіну Сіз үшін қаншалықты маңызды?
7. Сіздің қоғамыңызда діни қызметкерлер қандай рөл атқарады?
8. Дін қызметкерлеріне деген тапшылық бар ма, әлде керісінше, артық па?
9. Діни қызметкерлер өздеріне берілген міндеттерін толық атқара алады ма? Сіз оларға сенесіз бе?
10. Сізбен бір /ақпарат берушінің дініне байланысты діни ғимараттың атауы баратын келушілердің құрамы туралы (жынысы, жасы, ұлты, 2леуметтік және экономикалық мәртебесі) не айта аласыз?
11. Бүгінгі таңда /ақпарат берушінің дініне байланысты анықтамасы/ қауымдары бүгінгі күні қаншалықты тығыз байланысты? Бұл неден көрінеді?
12. Сіздің ойыңызша, қауымдастықтың ұйымшыл және күшті болуы кімге байланысты?
13. Сізде әлемнің барлық /ақпарат берушінің дінін ұстанушылар/ біртұтас сезім бар ма, әлде қандай да бір себептермен тек Қазақстан /ақпарат берушінің дінін ұстанушылар/ ғана ынтымақтасуыңыз мүмкін бе?
14. Бүгінгі таңда Қазақстандағы /ақпарат берушінің дінін ұстанушылар/ діндарлық деңгейі, сенімдерінің күші туралы не айтуға болады?

Қорытынды фазасында, нарративті сұхбатының негізгі мақсаты аясында респонденттің өмірлік тәжірибесін заманауи контексте түсіндіру үшін, өткен өмірін қазіргі көзқараспен бағалау ұсынылады.

4 бөлім. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ Өңірлерінде дін саласын зерттеу бойынша ОРТАҚ ҚҰРАЛНАМА МЕН БАҒДАРЛАМА

4.1 Қазақстан өңірлерінде дін саласын зерттеу бойынша әлеуметтанулық зерттеу жүргізу бағдарламасы

Зерттеу жүргізетін ұйымның атауы: *Дін мәселелерін зерттеу орталықтары (немесе дін саласындағы әлеуметтік зерттеулер жүргізу бойынша қызмет көрсететін басқа ҰЕҰ)*

Зерттеуді тапсырушы: *Облыстық Дін істері басқармалары*

Жоба атауы: *«Облыстағы діни ахуалды талдау: халық арасында жүргізілген жаппай сауалнама негізінде (1000 респондент)»*

I. ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Құқықтық-нормативтік негіздемесі - Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы, 5 б., 1 т. 1-1 тармақшасы.

Зерттеудің өзектілігі. Дін жеке адам мен қоғам өмірінде маңызды рөл атқаруды жалғастыруда. Халықтың діндарлық деңгейін, оның мемлекеттің конфессияаралық және мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар саласындағы саясатына қатынасын зерттеу, мемлекеттің зайырлы болмысын түсіну діни ахуалды біркелкі бағалауға, аймақта және жалпы Қазақстан бойынша тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтанулық зерттеудің мақсаты – аймақтағы діни ахуалды зерделеу және талдау, негізгі тенденцияларды анықтау, халықтың мемлекеттік-конфессиялық саясатқа көзқарасын бағалау.

Осы мақсатқа сүйене отырып, зерттеу аясында келесі міндеттер шешіледі:

- халықтың діндарлық деңгейін анықтау;
- халықтың діни бағдарлары мен сенімдеріне әсер ететін факторлар мен көздерді анықтау;
- халықтың құндылық қатынасын және жеке сәйкестендіру маркерлерін зерттеу;
- тұлғаның өзін-өзі сәйкестендіруіндегі маңызды бағдарларды анықтау;
- халықтың діни таным мен діни білім беру мәселесіне көзқарасын зерттеу;
- халықтың діни бірлестіктердің, миссионерлердің қызметіне деген көзқарасын зерттеу;
- елдегі/өңірдегі діни ахуалдың дамуының негізгі тенденцияларын анықтау;
- дін саласындағы мемлекеттік саясат туралы халықтың пікірін зерделеу;
- өңірдегі діни ахуалдың қысқа және орта мерзімді кезеңге дамуының болжамын жасау;
- мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды реттеу бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу нысаны: облыстың 18 жастан асқан тұрғындары.

Зерттеу пәні – аймақтағы халықтың дінге және мемлекеттік-конфессиялық саясатқа қатысты құндылық және идеологиялық көзқарасы.

Гипотеза (болжам):

■ Халықтың діндарлығы мен халықтың дінге деген көзқарасына адамдардың зайырлылық принциптері құндылығы мен идеологиялық көзқарасы, діни сауаттылық деңгейі, діни ұйымдардың миссионерлік және прозелитизаторлық қызметі, мемлекеттік-конфессиялық саясатқа негізделген теңгерімді саясат сияқты көптеген факторлар әсер етеді. Халықтың діндарлық деңгейінің артуы немесе төмендеуі осы факторлардың салдары болуы мүмкін.

Аймақтарда **зерттеуді жүргізу уақыты** ҚР ИИМ Дін істері комитетімен келісілуі керек. Болашақта алынған мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік беру үшін зерттеу **барлық аймақтарда бір уақытта** жүргізілгені абзал.

II. ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Зерттеу әдісі – гендерлік-жас ерекшеліктерін және тұрғылықты жерін (облыс орталығы/аудандық маңызы бар қала/селолық жер) ескере отырып, репрезентативті квота бойынша 1000 респонденттік іріктеу негізінде облыс тұрғындарына жаппай сауалнама жүргізу.

Ақпаратты жинау әдісі: респонденттің тұрғылықты жері бойынша ресми сұхбат арқылы анкеталық сауалнама (бетпе-бет);

Сұхбат тілі: респонденттің қалауы бойынша қазақ тілі немесе орыс тілі.

Квоталық іріктеудің мөлшері (Ақмола облысының мысалында)

Іріктеме ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 қаңтарына қарасты облыстың статистика департаментінің мәліметтері бойынша есептеледі.

Ақмолы облысы (1000 респондент)

	Көкшетау		Басқа қалалар		Ауыл	
	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер	Ерлер	Әйелдер
Қазақтар (524)						
18-24	7	7	7	7	16	15
25-34	15	16	13	11	29	24
35-44	11	12	13	13	27	25
45-54	9	12	11	12	24	24
55-64	9	12	10	13	22	24
65 және одан жоғары	5	11	7	14	14	23
БАРЛЫҒЫ	56	70	61	70	132	135
Орыстар (323)						
18-24	3	3	5	4	11	10
25-34	7	8	8	7	19	16
35-44	6	6	8	8	18	17
45-54	5	6	7	8	16	16
55-64	4	6	6	8	15	16
65 және одан жоғары	3	5	5	9	9	15
БАРЛЫҒЫ	28	34	39	44	88	90
Басқа ұлт өкілдері (153)						
18-24	1	1	2	2	5	5
25-34	3	3	4	4	9	8
35-44	2	3	4	4	9	8
45-54	2	3	3	4	8	8
55-64	2	3	3	4	7	8
65 және одан жоғары	1	2	2	5	4	7
БАРЛЫҒЫ:	11	15	18	23	42	44
ҚОҒАМДЫ:	95	119	118	137	262	269

4.2 Жаппай сауалнама жүргізуге арналған анкета

Сәлеметсіздер ме!

Менің есімім _____.

«Дін мәселелерін зерттеу орталығы» өткізіп жатқан халықтың дінге көзқарасын зерттеуге арналған әлеуметтанулық сауалнамамызға қатысуыңызды сұраймыз. Сіздің пікіріңіздің құпиялылығы сақталады. Алынған ақпарат жалпылама қолданылады.

ТАНЫТҚАН ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫҢЫЗ ҮШІН АЛДЫН АЛА РАХМЕТ!

БЛОК 1. ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ДІНДАРЛЫҒЫ. ФАКТОРЛАР МЕН ДІНДАРЛЫҚ КӨЗІ

1. Сіз өзіңізді діндар деп санайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, мен діндармын
 2. Күмәндімін: иә да, жоқ та
 3. Жоқ, бірақ мен жоғары күштерге сенемін
 4. Мен дінге қатысты немқұрайлымын-----№5 СҰРАҚҚА КӨШУ
 5. Жоқ, мен діндармын -----№5 СҰРАҚҚА КӨШУ
 6. Атеистпін -----№5 СҰРАҚҚА КӨШУ
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

2. Өзіңізді қай дінге жатқызасыз? (БІР ЖАУАП)

1. Ислам сунниттік бағыт
2. Ислам шииттік бағыты
3. Православ
4. Католик
5. Протестант
6. Иудаизм
7. Буддизм
8. өзімді көрсетілген діндердің ешқайсысына жатқызбаймын, себебі құдай жайлы өз ойым бар.

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Білмеймін (ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ)

3. САУАЛНАМА АЛУШЫ, 3-ІНШІ КАРТОЧКАНЫ КӨРСЕТИҢІЗ

Егер сіз өзіңізді діндармын деп есептейтін болсаңыз, сізді дінге әкелген не нәрсе? (ҮШ ЖАУАПТАН КӨП БОЛМАУ КЕРЕК)

1. Отбасындағы тәрбие
2. Діндар (діни) адамдармен (туыстар, достар, әріптестер, көршілер, т.б.) үнемі тығыз қарым-қатынаста болу.
3. Иманды (дін) адаммен арнайы кездесу
4. Медреседе оқу/жексенбілік мектеп
5. Үнемі әдебиет оқу (көркем, философиялық, діни)
6. Өмірдің мәнін іздеу
7. Тәңірлік, жоғары күштердің шақыруы
8. Белгілер, аяндар, ғажайып оқиға
9. Сүйікті адамыңызбен / жұбайыңызбен кездескеннен кейін
10. Жеке қарым-қатынастың үзілуі (сатқындық, сатқындық, т.б.), жалғыздық.
11. Ауыр ауру / жақын адамынан айырылу
12. Нашақорлық, алкоголизм, басқа да тәуелділіктер / нашақорлық, алкоголизм, жақын адамның басқа да тәуелділіктері
13. Өмірге қауіп төндіретін жағдай (мысалы, кенеттен апат болған жағдайда)

14. Материалдық жетіспеушілік, әлеуметтік жағдайын жоғалту
15. Сенімге өзім келдім
16. Қызығушылық
17. Мешіт/ғибадатхана/мәжіліс үйінің жанында тұру
18. Үгіт / діни бірлестіктің миссионерлік қызметі / қайраткер
19. Діни адамдардың жақсы үлгісі
20. Интернеттегі діни ақпарат
21. Мен Құдайдың көмегіне үміттендім

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Білмеймін (ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ)

4. Діни қауымдастығыңыздың қауым мүшелері/жамағат мүшелерімен жұмысын қалай сипаттар едіңіз?

1. Дін қызметкерлері мен жамағат қауым мүшелерін діни қызметтерге белсенді түрде тартады.

2. Дін қызметкерлері мен жамағат барлық қауым мүшелеріне жеткілікті көңіл бөледі.

3. Сұрақпен барсаңыз сізге көмектеседі, бірақ өздері сізге хабарласпайды.

4. Қауымның дін қызметкерлері қарапайым мүшелердің өміріне мүлде қызығушылық танытпайды.

5. Мен ешқандай да діни жамағаттың/ұйымның мүшесі емеспін.

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Білмеймін (ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ)

5.Өткен жыл ішінде сіз қаншалықты жиі келесі әрекеттерді орындадыңыз? (ӘР ЖОЛҒА БІР ЖАУАП)

Нұсқалар	Күнде	Әр апта сайын	Әр ай сайын	Жылына 2-3 рет	Ешқашан
Ғибадат орындарына (мешіт, шіркеу, ғибадатхана және т.б.) бару	1	2	3	4	6
Дұғалар жасадым	1	2	3	4	6
Діни әдебиеттерді оқыдым	1	2	3	4	6
Интернеттегі діни сайттарды, әлеуметтік желілерді парақшаларды/арналарды қарадым	1	2	3	4	6
Діни телеарналарды көрдім	1	2	3	4	6
Туыстарымен, достарымен дін туралы әңгімелестім	1	2	3	4	6
Дін қызметкерлерімен (имам, діни қызметкер және т.б.) сөйлестім.	1	2	3	4	6
Құрбандық, көмек (зекет, садақа, ондық, мұқтаждарға көмек, т.б.) жасадым.	1	2	3	4	6
Ұжымдық діни рәсімдеріне (жұма намазы, сенбі/жексенбі ғибадаттары және т.б.) қатыстым.	1	2	3	4	6
Қажылыққа бардым	1	2	3	4	6

6. Сіздің айналаңыздағы адамдар дінге сенеді ме? (БІР ЖАУАП)

1. Олардың көпшілігі сенушілер

2. Көпшілігі қалыпты діндарлар, яғни олар үшін тек негізгі діни рәсімдерді орындау маңызды болып табылатындар.

3. Әртүрлі – сенуші де, сенбейтін де

4. Көпшілігі сенбейді

(99) Білмеймін (ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ)

7. Сіз әдетте қандай мерекелерді тойлайсыз? (ЖАУАП САНЫ ШЕКТЕУСІЗ)

1. Туған күндер
2. Жаңа жыл
3. Әйелдер күні (8 наурыз)
4. Наурыз
5. Отан қорғаушылар күні (7 мамыр)
6. Жеңіс күні
7. Ата Заң күні (30 тамыз)
8. Тәуелсіздік күні (16 желтоқсан)
9. Ең маңызды діни мерекелер (мысалы, Құрбан айт / Рождество, т.б.)
10. Діни мерекелердің барлығы немесе барлығы дерлік
11. Мен ешқандай мерекені тойламаймын

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Білмеймін (ЕСЕПТЕЛМЕЙДІ)

БЛОК 2. ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

8. САУАЛНАМА АЛУШЫ, 3-ШІ КАРТОЧКАНЫ КӨРСЕТІҢІЗ

Сіз үшін өмірде ең маңызды не? (ЖАУАП САНЫ БЕСТЕН АСПАУ КЕРЕК)

1. Отбасы
 2. Денсаулық
 3. Адал және сенімді достар
 4. Жақсы бедел
 5. Билік, саясат
 6. Байлық, қаржылық әл-ауқат
 7. Жақсы білім
 8. Мансап, кәсіби өсу
 9. Құдайға сену, діни өсиеттер бойынша өмір сүру
 10. Шығармашылық және өзін-өзі жүзеге асыру
 11. Жақынына көмектес, адамзат
 12. Отанға қызмет ету, патриоттық сезім
 13. Адалдық, әдептілік
 14. Еңбекқорлық
 15. Ғылымның дамуы, ғылыми-техникалық прогресс
 16. Ата-ананы, үлкенді сыйлау
 17. Өзіңмен үйлесімді өмір сүру
 18. Дәстүр
 19. Бос уақыт
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

9. Төмендегі оқиғаларды рұқсат етілген деп санайсыз ба? (ӘР ЖОЛҒА БІР ЖАУАП)

Нұсқалар	Ықтималды	Ықтималдылы ығы жоғары	Ықтималдылы ығы төмен	Ықтималсыз	Жауап беруге қиналамын
Діни некесіз ресми тіркелген неке (неке, үйлену, т.б.)	1	2	3	4	99
Неке тек діни ғұрыптар мен рәсімдер бойынша (неке, үйлену тойы, т.б.)	1	2	3	4	99

Азаматтық неке	1	2	3	4	99
Әйелдер үшін некеге дейінгі жыныстық қатынас	1	2	3	4	99
Ерлер үшін некеге дейінгі жыныстық қатынас	1	2	3	4	99
Әйелдің күйеуіне бағынбауы	1	2	3	4	99
Әйеліне қол жұмсау	1	2	3	4	99
Әйел тарапынан көзге шөп салу	1	2	3	4	99
Күйеуі тарапынан көзге шөп салу	1	2	3	4	99
Аборт	1	2	3	4	99
Балаларды физикалық түрде жазалау	1	2	3	4	99
Көп әйел алу	1	2	3	4	99
Әртүрлі конфессиялардағы адамдар арасындағы неке	1	2	3	4	99
Гомосексуалдық неке	1	2	3	4	99
Ажырасу	1	2	3	4	99
Жануарларды қорлау	1	2	3	4	99
Дінді өзгертуі	1	2	3	4	99
Басқа діндерге төзбеушілік	1	2	3	4	99
Діни фанатизм	1	2	3	4	99
Агрессия, басқа дін өкілдеріне/басқаша ойлайтындарға қарсы зорлық-зомбылық	1	2	3	4	99

10. СҰХБАТ АЛУШЫ, 10-шы КАРТОЧКАНЫ КӨРСЕТИҢІЗ

Сіз балаларда, ең алдымен, қандай құндылықтарды тәрбиелеу, дамыту қажет деп санайсыз?
(БЕС ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Өзін-өзі құрметтеу
 2. Үлкенді сыйлау
 3. Еңбекқорлық
 4. Мейірімділік, жанашырлық, басқа адамдарға көмектесу
 5. Әділдік
 6. Өзіне деген сенімділік
 7. Индивидуализм
 8. Өзін-өзі дамыту
 9. Мақсаттылық, табандылық
 10. Патриотизм
 11. Діни сенім
 12. Адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу
 13. Заңды құрметтеу, заңға бағыну
 14. Білімге ұмтылу, білімділік
 15. Діни білім
 16. Сыни тұрғыдан ойлау
 17. Өз халқының мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін құрметтеу
 18. Басқа халықтар өкілдерінің мәдениетін, тілін, дәстүрін құрметтеу
 19. Діни ғұрыптар мен рәсімдерді сақтау
 20. Қоршаған ортаға қамқорлық жасау
 21. Салауатты өмір салты
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛМАУ)

БЛОК 3. ХАЛЫҚТЫҢ БІРЕГЕЙЛІГІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

11. СҰХБАТ АЛУШЫ, 11-ші КАРТОЧКАНЫ КӨРСЕТИҢІЗ

Сіз өзіңізді ең алдымен кім деп санайсыз? (ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Өз қалаңыздың, ауылыңыздың тұрғыны

2. Қазақстан тұрғыны
3. Өз тегіңіздің/жүзіңіздің өкілі
4. Өз этносыңыздың өкілі
5. Өз дініңіздің өкілі
6. Менімен бір тілде сөйлейтін адамдар тобының өкілі
7. Өз жынысыңыздың өкілі
8. Өз ұрпағыңыздың өкілі
9. Өз кәсібіңіздің өкілі
10. Әлем азаматы

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

12. Сіздің ойыңызша, өз этносы үшін дәстүрлі дінді ұстану міндетті ме, яғни барлық қазақтар мұсылман, орыстар – православ және т. б. болуы міндетті ме? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, міндетті түрде, дәстүрлі дін – этникалық сәйкестіліктің маңызды бөлігі
2. Иә деп ойлаймын, өйткені этникалық және діни дәстүрлер бір-бірімен тығыз байланысты
3. Жоқ деп ойлаймын, бірақ біздің қоғамда басқа дінді ұстану өте қиын
4. Жоқ, зайырлы қоғамда таңдау еркіндігі бар, кез-келген адам кез-келген дінді таңдай алады

98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

13. Соңғы бір жыл ішінде сіздің дүниетанымыңыз (діндарлық/атеизм/сенімсіздік) туралы ашық түрде теріс пікір айтылған жағдайлар жеке басыңызда болды ма?

1. Ия, бұл жиі болды
2. Ия, өткен жылы бұл бірнеше рет болды
3. Жоқ, ашық айтылған кездер болған жоқ, бірақ менің діндарлығым/атеизмім/сенімсіздігіме байланысты менімен сөйлескісі келмейтіндіктерін сезіндім
4. Жоқ, бұндай жағдай болған жоқ

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

БЛОК 4. ДІНИ БІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІМ

14. Сіз діндердің тарихымен, әртүрлі діндердің негіздерімен танысу қажеттілігін сезінесіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Ия, мен дін туралы білім алу қажеттілігін сезінемін
2. Маған әртүрлі діндердің тарихымен танысу қызықты болар еді, бірақ мен мұндай ақпаратқа деген қажеттілікті сезінбеймін
3. Мен әртүрлі діндердің тарихы мен негіздерін бұрыннан білемін
4. Мен әртүрлі діндердің тарихын зерттеуді қажет деп санамаймын, бірақ қажет болғандарға тиісті шараларды ұйымдастыруға қарсы емеспін
5. Мен әртүрлі діндердің тарихын зерттеуді қажет деп санамаймын, тек өз дінімнің тарихын зерттеу керек
6. Зайырлы мемлекетте діндер тарихын зерттеуге жол берілмейді деп санаймын

(99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

15. Сіз балаларыңыздың дін саласында білім алғанын қалайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, Қазақстанның діни мекемелерінде (медреселер, діни семинариялар және т. б.)
2. Иә, шетелдік діни мекемелерде (медреселер, рухани семинариялар және т. б.)
3. Иә, діни бірлестіктер жанындағы түрлі діни курстар шеңберінде (жексенбілік мектептер, діни сауаттылық курстары және т. б.)

4. Жоқ, мектеп/университет бағдарламасы аясында алынған діндер туралы білім жеткілікті
 5. Жоқ, отбасында алған дін туралы білім жеткілікті
 6. Жоқ, мен кез-келген түрдегі діни білімге қарсымын
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

16. Дін туралы мәселе туындаған жағдайда, сіз бірінші кезекте кімге жүгінесіз? (ЕКІ ЖАУАПТАН КӨП ЕМЕС)

1. Ата-анама, жақын туыстарыма
 2. Туыстар арасындағы білетін адамға
 3. Достар, таныстар арасында білетін адамға
 4. Интернет көздеріне
 5. Діни әдебиетке
 6. Дін қызметкеріне
 7. Діни қауым мүшелеріне
 8. Дін саласындағы білікті маманға (дінтанушы, теолог және т. б.)
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

БЛОК 5. ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ, МИССИОНЕРЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

17. Соңғы бір жылда дін, иман, Құдай (Тәңір) туралы табанды түрде әңгімелерімен адамдар сізге келді ме (үйге/жұмысқа келді ме, телефон арқылы қоңырау шалды ма, пошта арқылы хат келді ме)? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
2. Жоқ

18. Әлеуметтік желілерде діни мазмұндағы материалдармен қаншалықты жиі кездесесіз?

1. Әрдайым
 2. Өте жиі
 3. Кейде
 4. Өте сирек
 5. Ешқашан кездеспегенмін
 6. Мен әлеуметтік медианы қолданбаймын
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

19. Сіздің ойыңызша, соңғы бірнеше жылда сіздің қалаңызда/ауылыңызда дінге сенетін жастардың саны көбейді ме, өзгерген жоқ па, азайды ма? (БІР ЖАУАП)

1. Азайды
 2. Өзгерген жоқ
 3. Көбейді
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

20. Діни сауаттылықты арттыру мақсатында Діни бірлестіктердің өкілдері ұйымдастырған балалар мен жастарға арналған арнайы іс-шараларға қатыстыңыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, мұндай іс-шараларға жиі қатыса (- тын) мын
 2. Осындай іс-шараларға бірнеше рет қатысқанмын
 3. Жеке өз басым қатыспадым, бірақ менің балаларым барады
 4. Олар туралы бірдеңе естідім, бірақ мен де, менің балаларым да ешқашан қатысқан емес
 5. Осындай іс-шаралардың болатынын ешқашан естімеппін
- 98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

БЛОК 6. ЕЛДЕГІ ЖӘНЕ АЙМАҚТАҒЫ ДІНИ АХУАЛ

21. Сіздің басқа дін өкілдеріне деген қарым-қатынасыңыз қандай? (БІР ЖАУАП)

1. Жақсы, достарым мен таныстарымның арасында осындай адамдар бар
 2. Мен басқа сенім өкілдеріне шыдамдылықпен қараймын, бірақ олармен сөйлеспегенді жөн көремін
 3. Мен бұған немқұрайлы қараймын, адамдарды басқа критерийлер бойынша бағалаймын
 4. Менің басқа діни сенім өкілдеріне деген қарым-қатынасым нашар, бірақ мен оны сырттай білдірмеймін
 5. Мен басқа дін өкілдерін ашық түрде ұнатпаймын
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

22. Сіз өз аймағыңыздағы, Қазақстандағы, әлемдегі конфессияаралық қатынастардың жай-күйін қалай бағалайсыз? (ӘР ЖОЛ БОЙЫНША БІР ЖАУАП)

	Қолайлы	Қолайлы рақ	Қолайсы здау	Қолайсы з	Жауап беруге қиналам ын
Сіздің қалаңызда / ауылыңызда	1	2	3	4	99
Қазақстанда	1	2	3	4	99
Әлемде	1	2	3	4	99

23. Сіздің ойыңызша, бұл қарым-қатынастар болашақта қалай өзгереді? (ӘР ЖОЛҒА БІР ЖАУАП)

	Жақсарады	Өзгеріссіз қалады	Нашарлайды	Жауап беруге қиналамын
Сіздің қалаңызда / ауылыңызда				
Қазақстанда				
Әлемде				

БЛОК 7. ДІН САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ

24. Қазақстандағы діни бірлестіктерге қатысты мемлекеттік органдардың саясатын қалай бағалайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Мемлекеттің діни бірлестіктерге қатысты саясаты дұрыс, теңгерімді, олардың бостандығы мен қызметін реттеу арасындағы қажетті тепе-теңдік қамтамасыз етілген.
 2. Діни бірлестіктерге тым көп еркіндік берілді, олардың қызметін ешкім реттемейді, олардың қызметіне бақылауды күшейту қажет
 3. Діни бірлестіктерге қатысты саясат тым қатаң, діни бірлестіктерге еркіндік бермейді, шектеулер тым көп
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

25. Мемлекет пен дін арасындағы қарым-қатынастың қандай түрін қолдайсыз? (БІР ЖАУАП)

1. Барлық конфессияларға тең және бейтарап көзқарас
 2. Мемлекет халықтың көпшілігі ұстанатын дінді қолдауға міндетті
 3. Мемлекет "дәстүрлі" конфессиялармен (ханафи мазхабының исламы, православие) тығыз қарым-қатынасты қолдауы тиіс.
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

D1. Сіздің жынысыңыз:

1. Еркек
2. Әйел

D2. Сіздің жасыңыз _____ Назар аударыңыз! Респонденттің жасы келесі жас топтары бойынша кодталады:

1. 18-29 жас
2. 30-45 жас
3. 46-60 жас
4. 61 жас және одан жоғары

D3. Сіз қандай этникалық топқа жатасыз (БІР ЖАУАП)

1. Қазақ
2. Орыс
3. Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

D4. Сіздің біліміңіз (БІР ЖАУАП)

1. Орта білім
2. Кәсіптік-техникалық білім беру
3. Жоғары білім (маман, бакалавр, магистр, кандидат, доктор, PhD)

D5. Сіздің әлеуметтік-кәсіби мәртебеңіз? (БІР ЖАУАП)

1. Мемлекет қызметкері
 2. Мен бюджеттік мекемеде жұмыс істеймін
 3. Жеке салада жұмыс істеймін
 4. Жалдамалы қызметкерлерді тарта отырып, жеке бизнеспен айналысамын
 5. Жеке еңбек қызметі
 6. Фрилансер (қызмет көрсету шарты бойынша қызметкер)
 7. Жеке қосалқы шаруашылықта, отбасылық кәсіпорында жұмыс жасаймын
 8. Зейнеткер
 9. Студент
 10. Үй шаруасындағы әйел
 11. Жұмыссыз
 12. Мүгедектік себебі бойынша жұмыс істемеймін
- (98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

D6. Сіздің отбасылық жағдайыңыз? (БІР ЖАУАП)

1. Мен АХАЖ-да тіркелген некеде тұрамын
2. АХАЖ-да некені тіркеусіз бірге тұрамыз
3. Ажырасқан
4. Бойдақ ----- **D8 СҰРАҒЫНА КӨШУ**
5. Жесір

D7. Сіз және сіздің жұбайыңыз діни неке қию рәсімін өткіздіңіз бе (неке, шіркеуде неке қию және т. б.)? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
 2. Жоқ
 3. Жоқ, бірақ біз мұны жоспарлап отырмыз
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

D8. Сізде кәмелетке толмаған неше балаңыз бар (18 жасқа толмаған)? (БІР ЖАУАП)

1. 1 бала
2. 2 бала
3. 3 бала
4. 4 және одан да көп бала
5. Балалар жоқ

D9. СҰХБАТ АЛУШЫ, D9 КАРТОЧКАСЫН КӨРСЕТИҢІЗ

Сатып алу қабілетіңізді қалай бағалар едіңіз? (БІР ЖАУАП)

1. Ақша бәріне жеткілікті, өзімнен ештеңені аямаймын
 2. Ұзақ мерзімді тауарлардың (тоңазытқыш, теледидар және т. б.) көпшілігін сатып алу қиындық тудырмайды
 3. Қажетті азық-түлік пен киім сатып алуға, коммуналдық қызметтерді төлеуге жеткілікті, бірақ жинауға жеткіліксіз
 4. Ақша азық-түлік сатып алуға ғана жетеді, бірақ коммуналдық қызметтерді төлеуге қалмайды
 5. Азық-түлік сатып алуға да ақша жетпейді, үнемі қарызға өмір сүруге тура келеді
- (99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

D10. СҰХБАТ АЛУШЫ, D10 КАРТОЧКАСЫН КӨРСЕТИҢІЗ

Орташа есеппен алғанда, Сіздің отбасыңызда айына бір адамға қанша табыс түседі? (АЙЫНА ТҮСЕТІН БАРЛЫҚ КІРІСТЕРДІ ЖИНАҚТАП, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ САНЫНА БӨЛІҢІЗ) (БІР ЖАУАП)

1. 30 000 теңгеге дейін
2. 30 001 теңгеден 60 000 теңгеге дейін
3. 60 001 теңгеден 100 000 теңгеге дейін
4. 100 001 теңгеден 300 000 теңгеге дейін
5. 301 000 теңгеден 350 000 теңгеге дейін
6. 351 000 және одан жоғары

(98) Басқа (ЖАЗЫҢЫЗ) _____

(99) Жауап беруге қиналамын (ЕСЕПКЕ АЛЫНБАЙДЫ)

D11. Сіз өзіңізді қандай діни бағытқа жатқызасыз?

(98) Жауапбын жазыңыз _____

Сауалнамаға қатысқаныңызға рахмет!

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлеуметтанулық зерттеулер жүргізуге арналған кітаптар мен әдістемелік гайдтар жеткілікті. Бірақ соған қарамастан, адам өмірінің өте сезімтал бөлшегі болып табылатын дін саласын зерттеуге арналған әдебиет тым аз. Осы құралды әзірлеудегі негізгі мақсат жергілікті атқарушы органдарға жалпы әлеуметтік әдістерге де, нақты істерге де, мысалы, квоталық үлгіні есептеу, фокус-топтарды жүргізу, сұхбаттардың әртүрлі түрлеріне көмектесу болды.

Құралда дін саласында зерттеу жүргізудің негізгі қағидалары мен этикалық аспектілеріне ерекше көңіл бөлінді. Бұл қағидалар мен этикалық аспектілер зерттеушіге бастапқы тұжырымдамадан бастап зерттеу деректерінің құпиялылығын қорғауға қажетті қадамдарға дейін зерттеуге қатысушыларға этикалық және жауапты қатынасты түсіндіреді.

2017-2020 жылдарға жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін зерделеу кезінде, өңірлерде діни ахуалды зерттеудің негізгі әдісі халық арасында анкеталық сауалнама жүргізу әдісі болып қала беретіні анықталды. Әдістемелік құралда жүргізіліп жатқан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру шаралары, атап айтқанда, тек сандық емес, сапалық зерттеу әдістерін қолдану ұсынылады.

Бұл оқу құралын әзірлеудің практикалық маңыздылығы бір мақсатқа жету үшін әр түрлі зерттеу әдістерін қолдану және діни мәселелер бойынша көлемді ақпарат алу. Халық арасында сауалнама жүргізудің классикалық әдісінен басқа біз фокус-топ, бақылау және сұхбаттың әр түрін ұсындық.

Ұсынылған ұсынымдарды, әр түрлі әдістер бойынша гайдтарды жергілікті ерекшеліктер мен дін саласындағы өзекті оқиғаларды ескере отырып, өңірлерде толықтыруға болады. Қалай болғанда да, осы әдістемелік құралдың негізгі ережелері сізге зерттеу саласында бағыт бағдар таңдауға көмектеседі. Тек осы жағдайда ғана – сапалы әрі нәтижелі зерттеулер жүргізу және барлық міндеттерді шешу, өңірлер жағдайында толыққанды діни көрініс алу сияқты мақсатқа қол жеткізуге болады.

ГЛОССАРИЙ

ТЕРМИН	АНЫҚТАМА
Анкета	Бастапқы социологиялық және әлеуметтік-психологиялық ақпаратты алу үшін зерттеудің орталық міндетіне логикалық байланысты сұрақтар жиынтығы түрінде ресімделетін әдістемелік құрал
Анкеталық сауалнама	Сауалнама жүргізу арқылы тұрғындардың пікірін алу
Бақылау	Зерттеуші топтың, тайпаның немесе қауымдастықтың тікелей қатысуы және/немесе бақылауы арқылы ақпарат жинайтын зерттеу әдісі
Бағытты сұхбат алу	Респонденттен нақты ақпарат алу мақсатында сұхбат арқылы мәліметтер жинау
Бойлық (лонгитюдтік) зерттеу	Бұл ұзақ мерзімге негізделіп жүргізілетін зерттеу түрі
Гайд (план, жол нұсқаушы, сценарий) сапалы зерттеу жүргізу үшін	Бұл сапалы зерттеу жүргізетін модераторға арналған сұрақтардың дәйекті мәлімдемесі (фокус-топтық талқылау немесе сұхбат). Бір жоба аясында барлық топтарда немесе сұхбатта алынған барлық қажетті мәселелерді қамтитын сұхбатты тиімді өткізуге және нәтижелердің маңыздылығының салыстырмалылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді
Жалпы жиынтық	Бұл белгілі бір мәселені зерттеу және қорытындыларды қабылдау жоспарланған барлық бірліктердің немесе нысандардың жиынтығы.
Жарамдылық	Зерттеу әдістері мен нәтижелерін нақты жағдайларда қолданудың негізділігі мен жарамдылығы
Зайырлық	Дінге және дінсіздікке қатысты бейтараптық жағдайы. Дінге тікелей, оң немесе теріс көзқарасы жоқ кез келген нәрсені зайырлы деп санауға болады. (https://en.wikipedia.org/wiki/Secularity). «Имманентті форманың трансценденттік тәртіптен анық бөлінуі латын христиандықтың өнертабыстарының бірі болып табылады (бұл жақсы немесе нашар екенін білмеймін). Бұл түсінудің мәні мынада: «төменгі» – имманентті немесе зайырлы – тәртіп бар нәрсені түгел қажытады, ал жоғары – трансценденттік – тәртіп адамның ойлап тапқаны» (Чарльз Тейлор.» Зайырлылық дегеніміз не? " https://cyberleninka.ru/article/n/chto-takoe-svetskost / қараушы
Индикатор	Белгілі бір құбылыстың немесе үрдістің күйін немесе деңгейін көрсететін өлшем бірлігі
Корреляция	Екі айнымалының арасындағы қатынас, олардың біреуінің өзгеруі екіншісінің өзгеруімен сәйкес келеді
Қайта талдау	Жалпыға қолжетімді ақпарат пен деректерді пайдаланатын, әртүрлі зерттеу әдістері
Қосымша деректер көзі іріктеу (іріктеу жиынтығы)	Бұл, басқалармен жинаған деректер, мысалы халық санағы сияқты Бұл сіз әзірлеген құралдарды (сауалнама, гайд және т.б.) пайдалана отырып, зерттеу барысында зерттейтін жалпы халықтың бөлігі, яғни басқарылатын көлемдегі кеңірек топтың аналитикалық ішкі жиыны
Мини-фокус топтар (регр-топтар)	Жеке сұхбаттан топтық сұхбатқа өту әдісін білдіреді. Қатысушылар саны 4 адамнан аспауы керек. Қатысушылардың шектеулі контингенті олардың сапалы құрамымен өтеледі. Бұл әдіс топтық талқылаудың әрбір қатысушысынан белгілі, көбінесе көпшілікке беймәлім тақырыптар бойынша толығырақ ақпарат алу үшін қолданылады

Мақсатты топ	Бұл жалпы белгілер бойынша біріктірілген немесе қандай да бір мақсат немесе міндет үшін біріккен адамдар тобына қатысты қолданылатын термин. Бұл әрекет (зерттеу) бағытталған топ
Респондент	Сұхбат немесе сауалнама сұрақтарына жауап беретін адам
Өкілдік (Репрезентативтілік)	Іріктеу жиынтықта жалпы жиынтық бірліктерінің барлық түрлерін жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету
Сұхбат алушы	Зерттеумен айналысатын, сұхбаттасушыларға /респонденттерге сұрақтар қою және олардан жауап алу
Сұхбат	Қажетті ақпаратты алу үшін респондентпен бетпе-бет немесе телефон арқылы сұхбат алу
Сапалық зерттеу әдісі	Бұл зерттеу пәні туралы терең, егжей-тегжейлі ақпарат алу. Сапалық зерттеу «қалай және неге?» деген сұрақтарға жауап береді. Сапалық әдістерге мыналар жатады: тереңдетілген және сараптамалық сұхбат, бақылау әдісі, фокус-топтық зерттеу, ми шабуылы, Дельфи әдісі және т.б.
Сандық зерттеу әдісі	Бұл әлеуметтануда соңғы мәліметтер сандық түрде көрсетілетін зерттеу әдістері. Сандық зерттеу әдістерін қолдана отырып, «қанша?» деген сұраққа жауап алуға болады. Сандық әдістерге: сұрақ қою, мазмұнды сандық талдау жатады
Сауалнама	Әлеуметтанушыларға және басқа зерттеушілерге адамдардың қалай ойлайтыны мен әрекеті туралы ақпарат беретін сұхбат немесе сауалнама түріндегі зерттеу
Статистикалық анализ	Бұл үлкен көлемдегі деректер мен жалпы тенденцияларды өңдеу үшін қолданылатын әдістер жиынтығы
Фокус-топ (ФТ), фокус-топтық-дискуссия (ФТД), фокус-топтық-талқылау (ФТТ)	Топтық пікірталас/әңгімелесу түрінде тереңдетілген бағытталған сұхбатты жүргізу, оның барысында қатысушылардан белгілі бір мәселелер ауқымы бойынша субъективті ақпарат жиналады
Фасилитатор	Бұл адамдар тобына олардың ортақ мақсаттарын түсінуге шеберлікпен көмектесетін және талқылауда белгілі бір позицияны ұстанбай, олардың жетістіктерін жоспарлауға көмектесетін адам

Қазақ тіліндегі әдебиеттер

1. Ройс Синглтон, Брюс Стрэйтс. Әлеуметтанулық зерттеу әдістері. «Oxford University Press» баспасы, 2017. – 672 б. / Оқулықтың жауапты редакторы – О.Алейдарова, аудармашылар – Н.Муминов, Д.Мазен, Ш.Қаниязов, А.Қуанышбекова, Ә.Мұхамеджанова.
2. Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортега. Әлеуметтану негіздері. «South-Western College Pub» баспасы, 1992. – 464 б. / Оқулықтың аудармашылары – Ж.Бөрібаева, М.Амандосова, Г.Қалдыбаева, М.Сеңгірбай, Г. Чен.
3. Джордж Ритцер, Джеффри Степницки. Әлеуметтану теориясы. «SAGE Publications» баспасы, 1995. – 832 б. / Оқулықтың аудармашылары – Д.Бурханова, С.Серікжанова, С.Дүйсенова., А.Мырзабекова, Г.Әбдікєрова.
4. Жүсіпова А. Әлеуметтану негіздері: оқу құралы. - Алматы: Экономика баспасы, 2012 – 280 б.
5. Қарабаев Ш.К. Әлеуметтану негіздері: оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2007. - 528 б.

Орыс тіліндегі әдебиеттер

6. Белановский С.А. Глубокое интервью и фокус-группы» (3-е издание), 2018. <http://www.sbelan.ru/Glubokoe-intervju-i-fokus-gruppy-4-e-izdanie-S-A-Belanovskij.html>
7. Гараджа В.И. Социология религии. Москва ИНФРА-М 2005
8. Готлиб А. С. Введение в социологическое исследование. Качественный и количественный подходы. Методология. Исследовательские практики. М., Флинта., 2005, 382 с.
9. Гречихин, В.Г. Социологические очерки / В.Г. Гречихин, В.Л. Гречихина. – М. : Канон : Реабилитация, 2010. – 255 с.
10. Григорьев СИ., Растов Ю.Е. Основы современной социологии: Учеб. пособие. – <http://irbis.asu.ru/mmc/grig/4.2.ru.shtml>.
11. Девятко И. Ф. Методы социологического исследования. М.: Книж. дом" Университет", 2003.
12. Девятко И.Ф. Методы социологического исследования: Учебник. – М.: КДУ, 2006. – 296 с.
13. До и после тюрьмы. Женские истории: коллективная монография / под ред. Е.Л. Омельченко. – СПб.: Алетейя, 2012.
14. Добренков В.И. Методы социологического исследования: Учебник / МГУ. – М.: Инфра-М, 2006. – 768 с.
15. Иванов М.А. Беседа как метод исследования // социологическое исследование, 1989. № 4.
16. Капитонов Э.А. Социология XX века. – Ростов н/Д, 1996. – С. 379 – 504.
17. Квале С. Исследовательское интервью. М.: Смысл, 2003.
18. Кутлалиев А. Умеете ли вы задавать вопросы? // Новые рынки. 2001.№ 4.
19. Левченко, И. Е. История и социология религии : практикум : [учеб.метод. пособие] - Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2015. - 156 с.
20. Макарова, Л.С. Практическая социология : учеб. пособие / Л.С. Макарова, В.М. Круковер. – М. : Гамма-Пресс 2000, 2003. – 272 с.
21. Маслова О.М. Методика полевых исследований в социологии. – <http://rc.msses.ru/rc/Mpis.htm>.
22. Методическое пособие социолога-практика (словарь-справочник) / Под Д.А. Шевченко, А.И. Кравченко. М., 1990. С. 86.
23. Мещеркина Е. Ю., Семенова В. В. Биографический метод в социологии: история, методология и практика. М.: ИС РАН, 1994.

24. Мягков А.Ю. Влияние метода сбора данных на вербальное поведение респондентов // Социологический журнал, 1999. № ½. С. 133-142
25. Новикова, С.С. Методика составления социологической анкеты / С.С. Новикова. – М., 1993. – 60 с.
26. Около тюрьмы: женские сети поддержки заключенных / под ред. Е.Л. Омельченко и Дж. Пэллот. – СПб.: Алетейя, 2015.
27. Омельченко Е., Пилкингтон Х., Флинн М., Блюдина У., Старкова Е. Глядя на Запад: Культурная глобализация и российские молодежные культуры. Пер. с англ. О. Оберемко и У. Блюдиной. СПб.: Алетейя, 2004. <http://region.3ebra.com/files/nazapad.pdf>
28. Основы прикладной социологии: Учебник для вузов/ Ин-т «Открытое общество»; Под ред. Ф.Э.Шереги, М.К.Горшкова. – М.: ИНТЕРПРАКС, 1996. – 180 с.
29. Полевая кухня: как провести исследование / Под ред. Н. Гончаровой. - Ульяновск, 2004. <http://region.3ebra.com/generation/files/polevayakuhnya.pdf>
30. Прикладная социология : учеб. пособие / под ред. Ю.С. Колесникова. Серия «Учебники Феникса». – Ростов н/Д : Феникс, 2001. – 320 с.
31. Радугин, А.А. Социология : курс лекций / А.А. Радугин, К.А. Радугин. – М. : Библионика, 2008. – 224 с.
32. Самыгин С.И., Нечипуренко В.И., Полонская И.Н.. Религиоведение: социология и психология религий. Ростов-на-Дону; “Феникс”, 1996.
33. Страусс А., Корбин Д. Основы качественного исследования. Обоснованная теория. Процедуры и техники. М.: КомКнига, 2007.
34. Татарова Г. Г. Методология анализа данных в социологии (введение). Учебное пособие. М.: Издат. дом «Стратегия», 1998.
35. Уйти, чтобы остаться: Социолог в поле / Сб. статей под ред. Воронкова В., Чикадзе Е. СПб.: Алетейя, 2009.
36. Шмерлина И.А. Процедурные начала исследовательской социологии. Учеб. Пособие. – <http://www.unn.ac.ru/rus/f14/k2/courses/shmerll.htm>.
37. Штейнберг И., Шанин Т., Ковалев Е., & Левинсон А. Качественные методы. Полевые социологические исследования. СПб.: Алетейя, 2009.
38. Ядов В.А. Стратегия социологического исследования. Описание, объяснение, понимание социальной реальности: Учеб. для вузов. Ин-т социологии РАН. – М.: Добросвет, 2003. – 596 с.
39. Ядов, В.А. Стратегия социологического исследования – М. : Омега-Л, 2009. – 576 с.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттер

40. Bryan S. Turner. 2010. The Sociology of Religion. Blackwell Publishing Ltd.
41. Denzin, Norman K., Lincoln, Yvonna S. (2005). The Sage Handbook of Qualitative Research. Thousand Oaks: Sage, 3rd ed.
42. Flick, Uwe. (2009). An Introduction to Qualitative Research. Sage.
43. Leavy, Patricia (ed.) (2014). The Oxford Handbook of Qualitative Research <http://www.oxfordhandbooks.com/view/10.1093/oxfordhb/9780199811755.001.0001/oxfordhb-9780199811755>
44. Peter B. Clarke. 2011. The Oxford Handbook of The Sociology of Religion. DOI: 10.1093/oxfordhb/9780199588961.002.0004
45. Richard K. Fenn. 2003. The Blackwell Companion to Sociology of Religion. Princeton Theological Seminary. By Blackwell Publishing Ltd.
46. Wolfinger, N. H. (2002). 'On Writing Field Notes: Collection Strategies and Background Expectancies', Qualitative Research, 2: 85 – 95.